



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАНЫ ҚҰРМЕТТЕУ МӘДЕНИЕТІ ТӨМЕН



Қазақстанда сталкинг пен некеге мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауаптылық енгізілгеніне бір жылға жуық уақыт өтті. Осы аралықта жаңа нормаларды қолданудың алғашқы тәжірибесі қалыптаса бастады. Алайда заң қабылдау мәселені толық шешпейтіні белгілі.

(Жалғасы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

Қазіргі қоғамда адамдар бір-бірін сыртқы келбетіне, тіліне, жынысына, жасына немесе діни көзқарасына қарап бағалайтын жағдайлар жиі кездеседі. Осындай теңсіз қарым-қатынастың қалыптасуы өркениетті, зайырлы мемлекеттің ұстанымына қайшы. Дискриминация – қоғамдағы ең ауыр мәселенің бірі. Себебі адамды жеке қасиетіне емес, оның сыртқы ерекшелігіне қарап қабылдау дұрыс емес. Мұндай жағдайлардың күнделікті өмірде өте көп кездесетінін екіншіші.

ДИСКРИМИНАЦИЯ - ЗАЙЫРЛЫ ЕЛ ҰСТАНЫМЫНА ҚАЙШЫ

Соңғы жылдары қоғамда оранып жүретін немесе бетін жабатын адамдарға қатысты көзқарас өзгерді. Кейбір адамдар оларды түсінбей, бірден жаман ойлап жатады. Әсіресе, қоғамдық орындарда немесе жұмысқа орналасу кезінде мұндай адамдар қиындыққа тап болады. Мысалы, хиджаб киетін қыздарды кейбір мекемелер жұмысқа қабылдағысы келмейді. «Клиенттерге ұнамайды», «біздің талапқа сай емес» деген сылтаулар айтылады. Бұл қаншалықты дұрыс?

Мысалы Жәмила есімді танысымыз бірнеше жерге жұмысқа орналасуға барған. Білімі жақсы, тәжірибесі де бар болғанымен, оранып жүретіні үшін жұмысқа алмай қойған. Кейін ол орамалын шешпей-ақ жұмыс табамын деп ұзақ уақыт киналған. Осындай жағдайлардан кейін көптеген адамдар өздерін қоғамнан шет қалғандай сезінеді. Бұл адамның психологиясына да әсер етеді.

Дискриминация тек кимге байланысты емес. Қазіргі қоғамда жынысына байланысты кемсіту де көп кездеседі. Кейбір адамдар «әйел адам басшы бола алмайды» немесе «ер адам жылмауы керек» деген сияқты ескі түсініктермен өмір сүреді. Мысалы, кейбір жұмыс орындарында ер адамдарды ғана алуға тырысады, ал әйелдердің мүмкіндігін төмен бағалайды. Әсіресе жас қыздарға «тұрмысқа шығып кетеді», «декретке кетеді» деген көзқараспен қызметке алудан қашақтайды. Соның салдарынан кейбір қыздар жұмыс табуда қиындық көреді.

Ер адамдар да кей жағдайда дискриминацияға ұшырайды. Мысалы, бала тәрбиесі, аспаздық

немесе сұлулық саласында жұмыс істегісі келетін ер адамдарға қоғам басқаша қарайды. Кейбіреулер оларды күлкі етеді немесе ерсі көреді. Біздің қоғамда әр адам өзіне ұнайтын іспен айналысуы керек деген түсінік әлі орнықтаған.

Жасқа байланысты дискриминация да өте көп кездеседі. Көптеген жұмыс берушілер үміткерлердің тәжірибесіне басымдық береді. Бірақ жаңа ғана университет бітірген адамда тәжірибе қайдан болады? Осы мәселе салдарынан көптеген тұлғалар жұмыссыз жүр. Қазір дипломы бар, бірақ жұмыс таба алмай жүрген жастар өте көп. Кейбірі айлап, тіпті жылдап өз мамандығы бойынша жұмыс іздейді.

Мысалы, университетті қызыл дипломмен бітірген жастардың өзі кейде жұмыссыз қалып жатады. Себебі жұмыс берушілер «тәжірибең жоқ» деп қабылдамайды. Соның салдарынан кейбір жастар амалсыз курьер, сатушы немесе мүлде басқа салада жұмыс істейді. Олар төрт жыл оқып алған мамандығы бойынша емес, күн көру үшін басқа жұмыс істеуге мәжбүр болады. Бұл да бір жағынан қоғамдағы әділетсіздік сияқты көрінеді.

Ал жасы үлкен адамдарға келгенде де қиындықтар бар. Кейбір мекемелер 40-50 жастан асқан адамдарды жұмысқа алғысы келмейді. «Жас маман керек», «заманға бейімделмеген» деген түсінік қалыптасқан. Бірақ тәжірибесі мол адамдардың да қоғамға берері көп қой. Сондықтан адамның жасына қарап бағалау дұрыс емес.

(Жалғасы 4-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Қайрат БАЛАБИЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«РАҚЫМШЫЛЫҚ – ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ҚҰРАЛЫ»

– Парламент Мәжілісі өткен палатаның жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заңды ілеспе түзетулерімен қабылдады. Мұндай бастаманың жасалып, қабылдануына не себеп болды?

– Рақымшылық туралы заңның қабылдануына Жаңа Конституция әсер етті. Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне ерекше мән берілген. Онда әрбір азаматтың өмір сүру, білім алу, еңбек ету, сөз бостандығы және заң алдында тең болу құқықтары нақты көрсетіліп, олардың сақталуына мемлекет кепілдік беретіні айқын жазылған. Бұл Конституция адамның қадір-қасиетін жоғары құндылық ретінде танып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық негіз.

Рақымшылық жасау – Қазақстан Конституциясының 30 жылдығына орай қабылданып отырған гуманистік сипаттағы саяси-құқықтық акт. Бұл туралы Мемлекет басшысы референдумда ашық айтты. Жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекеттің басты құндылығы ретінде белгілейді. Сондықтан мерейтойлық кезеңде мемлекеттің ізгілік қағидатын көрсетуі заңды құбылыс. Екіншіден, халықаралық тәжірибеде рақымшылық әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің және қылмыстық саясатты ізгілендірудің құралы ретінде қарастырылады. Үшіншіден, түзеу мекемелеріне түсетін жүктемелі азайту қажеттілігі де бар. Соңғы жылдары мемлекет жазалаудан гөрі, қайта әлеумет-

тендіру қағидатына көбірек көңіл бөліп келеді.

– Бұл рақымшылықтың бұрынғылардан ерекшелігі қандай?

– Рақымшылық туралы заңның жаңа Конституция қабылданғаннан кейін алғаш рет жүзеге асырылуы оның қоғамдағы ізгілік пен әділеттілік қағидаттарын нығайтуға бағытталғанын көрсетеді. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған бұл шешім жазалау мен жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, белгілі бір санаттағы азаматтарға жаңа мүмкіндік беруді көздейді. Бұл қадам конституциялық реформалардың адам құқығын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау бағытындағы нақты көріністердің бірі болып саналады. Бұрынғы рақымшылықтар жеңілдікке ие болған адамдар санына байланысты ерекшеленді. Ал қазіргі заң жобасының басты өзгешелігі – оның өте селективті болуы. Яғни, мемлекет қоғам үшін қауіптілігі жоғары санаттарды әдейі алып тастап отыр. Терроризм, экстремизм, сыбайлас жемқорлық, балаларға қарсы қылмыстар және адам өліміне әкеп соққан ауыр қылмыстар рақымшылық аясына кірмейді. Бұл қоғамдағы әділеттілік сұранысын ескере отырып қабылданған шешім деп бағалауға болады. Ерекшелігі әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін рақымшылық жасау алғаш рет қабылданатын отыр. Соның арқасында критерийлері сәйкес келетін азаматтардың 21 млрд теңге көлемінде әкімшілік айыппұлдары кешіріліп, есепшоттары бұғаттан шығарылып, жайлы өмір сүруіне жағдай жасалады.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Азық-түлік қауіпсіздігі қалай тексеріледі?

6-БЕТ



Банкроттық – қарыздан құтылудың мүмкіндігі

8-БЕТ



Мұхтар ҚОЖАЕВ,
Шымкент қаласы полиция
департаментінің бастығы:

«Заң алдында бәрі тең»

ЖОҒАРҒЫ СОТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МАҢЫЗДЫ

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мұрағалиев «Сотісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану: проблемалар және оларды шешу жолдары» тақырыбында ведомствоаралық кеңес өткізді. Іс-шараға Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары Нұрсәрік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина, Аслан Түкиев, Сот өкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров, ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір, жергілікті соттардың судьялары (БКБ арқылы), мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, заң қоғамдастығының өкілдері қатысты.



мәселелерін қарастырды. Өз сөзінде Досжан Әмір, Дәулет Ақылбеков және Санжар Әділов сотқа дейінгі тергеу материалдары мен процессуалдық құжаттарды мемлекеттік тілде дайындау сапасын арттыру, ортақ интеграциялық база құру, сондай-ақ құқық қолдану қызметінде мемлекеттік тілді қолдану практикасын жетілдіру қажеттігіне назар аударды.

Алматы қалалық сотының судьясы Айгүл Маликова, Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығы директорының орынбасары міндетін атқарушы Аслан Алитурлиев және Сот өкімшілігінің мемлекеттік тілді дамыту бөлімі меңгерушісінің орынбасары Нұргүл Қарағойшина құқықтық құжаттардың мазмұндық және тілдік дәлдігін арттырудың, сондай-ақ осы саладағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Кенес қорытындысы бойынша сот ісін жүргізуде және құқықтық салада мемлекеттік тілді қолдануды одан әрі

кеңесті аша отырып, А.Мұрағалиев сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді сапалы қолдану мемлекеттік тіл саясатын іске асыру мәселесі ғана емес, сонымен қатар сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз етудің, азаматтардың құқықтарын сақтаудың және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтудың маңызды шарты болып табылатынын атап өтті.

Талқылауға Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы мониторингі агенттігі, Ішкі істер және Әділет министрліктері басшыларының орынбасарлары Алмас Наймантаев, Қайрат Бижанов, Санжар Әділов және Бекболат Молдабеков, Бас прокуратураның қадағалау қызметінің бастығы Дәулет Ақылбеков, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев қатысты.



Қатысушылар азаматтардың мемлекеттік тілде сотқа жүгіну құқығын қамтамасыз ету және оның құқықтық салада қолданылуын одан әрі кеңейту

жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсынымдар әзірленді.

Жоғарғы Соттың Баспасөз қызметі

ПӘРМЕН

БОСТАНДЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛГЕН ЖАҚСЫ

Қарағанды облысының тұрғыны бұған дейін алаяқтық жасағаны үшін сотталғанына қарамастан, жазасын өтеу кезеңінде қайтадан алаяқтық жасаған.

Ол Instagram әлеуметтік желісінде әйелдер киімін сату туралы хабарландыру беріп, азаматтардан алдын ала төлем алған. Алайда тауарды жеткізбей, түскен қаражатты өз қалауы бойынша жұмсаған.

Теміртау қалалық сотының үкімімен аталған әйел алаяқтық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылған. Апелляциялық сатыдағы сот оған «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау тура-

лы» заңды қолданып, жазаны 2 жыл 4 айға дейін қысқартқан. Алайда сот актілерін тексеру барысында рақымшылықтың заңсыз қолданылғаны анықталды. Заңға сәйкес, алдыңғы үкім бойынша жазасын өтеу кезеңінде қасақана қылмыс жасаған адамдарға рақымшылық қолдануға тікелей тыйым салынады.

Бас прокуратураның наразылығы бойынша рақымшылықты қолданудың күші жойылды. Сотталған әйелге 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Рақымшылық – гуманизм актісі. Алайда ол жазасын өтеу кезінде қайтадан қасақана қылмыс жасаған адамдарды жауаптылықтан босатпайды.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

КИЕ

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақтың атадан балаға мұра етіп қалдыратын екі қазынасы бар, оның біріншісі – байтақ жері, екіншісі – бай тілі» деген екен. Осы баға жетпес асыл мұра, құндылығымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу әр азаматтың парызы.

Тіл дегеніміз – бұл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлім-тәрбиесі, қатынас құралы, іс жүргізу тілі, елдік пен бірліктің туы, халық мәдениетінің айнасы, бізге ата-бабамыздан қалған баға жетпес асыл мұрамыз, рухани байлығымыз.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі еліміздің Ата Заңымен бекітілгені баршамызға аян. Қазақ тілі сан ғасырлық тарихы бар, бай да көркем тіл. Бабаларымыз өздерінің даналығын, салт-дәстүрін, арман-мұратын осы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа аманат етті. Ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары, жырлар поэзиясы – қазақ тілінің байлығы мен құдіретін дәлелдейтін ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жеткен ұлы мәдени мұрасы.

Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, ол Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын рухы биік

әрбір азаматтың тілі, ал осы тілді дамыту, оның қолдану аясын кеңейту – бәрімізге ортақ міндет деп санауымыз керек.

Мемлекеттік тілді жетік меңгеру – жас ұрпақтың елдігін, ұлттық қасиетін сақтап қалуының кепілі. Бүгінгі күні елімізді 130-дан астам ұлт пен ұлыс мекен етіп, өмір сүруде. Олардың әрқайсысының ана тілі, салт-дәстүрі бар. Көп ұлтты мемлекетімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету қоғамдағы күрделі мәселе боп отыр. Басқа ұлт өкілдерінің ана тілімізде сөйлеп, тіліміздің дамуына өз үлесін қосып, құрмет көрсетіп жатқанын көру бір ғанибет емес пе!

Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Мемлекетіміздің келешегі жайлы терең ойлап, ана тіл мәртебесін үстем етіп, ел мерейін кө-



З.РАЙМХАНОВА,
Өскемен қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы

теруге ұмтылу қажет. Осы асыл құндылығымыздың құны жойылмауы үшін өзіміздің сөйлеу мәдениетімізді қалыптастыру маңызды. Оған күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілінің қолданылуына басымдық беру арқылы үлес қосатынымызды, мемлекеттік тілді меңгеру, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, оның мәртебесін арттыру, оны қорғау, орынсыз шұбарлануына жол бермеу бәріміздің ортақ парызымыз екенін естен шығармайық!

МІНБЕР

24 маусымда еліміздің судьялар қауымдастығы Судья және сот қызметкері күнін атап өтеді. Биыл бұл мерекенің маңызы ерекше, өйткені ол Қазақстан Республикасы Судьялар одағының 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

ЗИМАНОВ МЕКТЕБІ – БІЗ ҮШІН КӘСІБИ БАҒДАР

Осы жылдар ішінде Қазақстанның сот жүйесі үлкен даму жолынан өтті. Елмен бірге заңнама жетілдірілді, сот тәуелсіздігінің кепілдіктері нығайтылды, сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи технологиялар енгізілді. Алайда барлық өзгерістерге қарамастан, судьяның заң мен қоғам алдындағы жауапкершілігі өзгерген жоқ.

Судья қызметі әрдайым адам тағдырына әсер ететін шешімдер қабылдаумен байланысты. Сондықтан сот билігі өкілдеріне кәсіби біліктілікпен қатар жоғары адамгершілік талаптар да қойылады. Тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық және заңға адалдық сот қызметінің негізгі қағидаттары болып қала береді.

Сот жүйесінің дамуына ұрпақтар сабақтастығы ерекше ықпал етеді. Әр буын судьялары өздерінен бұрынғы әріптестерінің тәжірибесіне сүйеніп, кәсіби дәстүрлерді жалғастырып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті заңгер-ғалымдардың мұрасын сақтау маңызды. Солардың қатарында академик Салық Зимановтың орны ерекше.

Салық Зиманов қазіргі қазақстандық заң ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Оның ғылыми қызметі мемлекет, құқық, қазақ халқының тарихы және ұлттық құқықтық ойдың дамуы мәселелеріне арналды. Ғылымның дәстүрлі қазақ құқығы мен билер сотына арналған еңбектері ерекше құндылыққа ие. Ол қазақ қоғамының тарихи тәжірибесін зерттей отырып, әділдік, заңға құрмет және сот белді әрдайым ұлттық құндылықтардың негізі болғанын көрсетті. Салық Зимановтың еңбектері көптеген заңгерлер мен судьялар үшін кәсіби бағыт-бағдар болып табылады. Оның ғылыми мұрасы бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Соңғы отыз жыл ішінде Судьялар одағы сот жүйесінің дамуына маңызды үлес қосып келеді. Одақ судьялар қауымдастығын біріктіріп, сот тәуелсіздігін нығайтуға, кәсіби әдепті дамытуға және отандық сот төрелігінің үздік дәстүрлерін сақтауға қызмет етуде. Әсіресе жас судьяларға тәжірибе беру және тәлімгерлік институтын

дамыту бағытындағы жұмыстардың маңызы зор. Осындай сабақтастық арқылы сот жүйесінің негізгі құндылықтары сақталып келеді.

Бүгінде соттардың алдында жаңа міндеттер тұр. Олар цифрлық технологияларды енгізумен, заңнаманы жетілдірумен және сот төрелігінің сапасын арттырумен байланысты. Сонымен қатар, сот қызметінің басты бағдарлары өзгеріссіз қалады. Олар – заң үстемдігі, азаматтардың құқықтарын қорғау және әділдікті қамтамасыз ету.

Судья және сот қызметкері күні мен Судьялар одағының 30 жылдығын атап өте отырып, біз сот жүйесінің ардагерлеріне алғыс білдіреміз. Сонымен бірге мемлекет пен құқықтың дамуына үлес қосқан көрнекті ғалымдардың еңбегін құрметпен еске аламыз.

Заңға қызмет ету – қоғамға қызмет ету. Судья мамандығының мәні мен маңызы дәл осы қағидаттан көрініс табады. Бұл қағидат бұрын да өзекті болды, бүгінде де маңызын жоғалтқан жоқ және болашақта да сот төрелігінің негізі болып қала береді.

Дәурен ТІЛЕУБАЕВ,
Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының төрағасы



ТАЛАП

КҮДІКТІГЕ ІЗДЕУ ЖАРИЯЛАУ ТӘРТІБІ

Қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заң үстемдігін қамтамасыз етуде қылмыстық істер бойынша күдіктілерді дер кезінде анықтап, олардың жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеу маңызды міндеттің бірі болып табылады. Осы мақсатта қылмыстық-процестік заңнамада күдіктіге іздеу жариялау институты көзделген.

Іздеу жариялау – бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдікке ілінген адамның жүрген жері белгісіз болған жағдайда, оны анықтау және ұстау мақсатында уәкілетті органдар жүзеге асыратын процессуалдық шара. Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес, егер күдіктінің орналасқан жері белгісіз болып, оның тергеу органдарына келуден жалтарып жүргені анықталса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын орган оған іздеу жариялау туралы қаулы қабылдай алады. Қажет болған жағдайда халықаралық іздеу де жариялануы мүмкін.

Іздеу жариялау – адамның кінәлі екендігін білдірмейді. Бұл тек оның орналасқан жерін анықтап, қылмыстық іс бойынша қажетті тергеу әрекеттерін жүргізуге бағытталған заңды рәсім. Сондықтан қоғамда іздеуде жүрген адамға қатысты қандай да бір қорытынды жасауға немесе оның кінәсін дәлелденген факт ретінде қабылдауға болмайды. Конституцияда бекітілген кінәсіздік презумпциясы қағидаты әр азаматқа қолданылады.

Сот тәжірибесінде күдіктінің тергеу мен соттан жалтаруы істің қаралу мерзіміне әсер етіп қана қоймай, жәбірленушілердің құқықтарының қорғалуын кешіктіреді. Осы себепті құқық қорғау органдары іздеу шараларын уақытылы ұйымдастырып, заң талаптарына сәйкес жүргізуге міндетті. Сонымен қатар азаматтар құқық қорғау органдары жариялаған ресми ақпараттарға назар аударып, іздеуде жүрген тұлғалардың орналасқан жері туралы мәліметтер болған жағдайда құзыретті органдарға хабарлауы қажет. Бұл қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және әділ сот төрелігін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Заң талаптарын сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Ал құқық қорғау және сот органдарының басты мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғап, заңның үстемдігін қамтамасыз ету.

Амангелді МАХАНБЕТОВ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАНЫ ҚҰРМЕТТЕУ МӘДЕНИЕТІ ТӨМЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы жылдары қоғамда қыз алып қашу, некеге мәжбүрлеу және адамның еркін таңдау құқығын шектеу мәселелері жиі көтеріле бастады. Бұл тақырып халықаралық ұйымдардың да назарынан тыс қалған жоқ. Жиында адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының өкілдері атап өткендей, некеге мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауаптылық енгізу бастамасы бірнеше жыл бұрын көтерілген. Оған Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынымдары да ықпал еткен.

Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы да бұл мәселеге арнайы тоқталған еді. «Қыз ұрлау – ұлтымыздың беліне нұқсан келтіретін өрескел әрі тағылық қылмыс. Мұндай қатыгез әрекеттерге мүлдем жол берілмейді», – деген болатын. Осы ұстанымның нәтижесінде былтыр Қылмыстық кодекске 125-1-бап енгізіліп, некеге мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауаптылық белгіленді. Заңның ерекшелігі – бұл тұрғыдағы заңсыз әрекет тек қыз алып қашумен шектелмейді. Қорқыту, бопсалау, күш қолданамын деп үркіту, мүлікті жою қауіпі арқылы некеге мәжбүрлеу де қылмыс болып саналады. Сонымен қатар, аталмыш норма тек әйелдерді ғана емес, ер адамдарды да қорғауға бағытталған. Жиында айтылған пікірлерден түйгеніміз, мұндай тәсіл халықаралық стандарттарға, гендерлік теңдік қағидаттарына және адам құқықтарын қорғау талаптарына толық сәйкес келеді.

Дөңгелек үстелдің негізгі тақырыптарының бірі сталкинг мәселесі болды. Бұл ұғым қоғам үшін әлі де жаңа болғанымен, әлемдік тәжірибеде жеке адамның қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретін әрекеттердің бірі ретінде қарастырылады. Жиында осы тақырыпта баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Наталья Дементьева айтуынша, қоғамда сталкингтің нақты не екенін түсіну деңгейі әлі жеткіліксіз. «Кез келген заң өзінің нақты

тиімділігін қабылданған сәтінен бастап емес, қоғам белгілі бір әрекеттің құқықтық тұрғыдан рұқсат етілетін және жол берілмейтін шекарасын айқын түсіне бастаған кезде ғана көрсетеді», – деді депутат. Оның пікірінше, көптеген азаматтар зорлық-зомбылықты тек физикалық күш қолданумен байланыстырады. Ал қазіргі құқықтық мемлекетте адамның ар-намысы, жеке өмірі, психологиялық тұтастығы және өзін қауіпсіз сезіну құқығы да заңмен қорғалуы тиіс. Сталкингтің ерекшелігі – ол бір реттік әрекет емес. Бір қоңырау, бір хабарлама немесе бір рет кездесуге ұмтылу қылмыс болып көрінбеуі мүмкін. Алайда осындай әрекеттердің жүйелі түрде қайталануы адамның қалыптасқан өмір сүруіне кедергі келтіріп, тұрақты психологиялық қысымға ұшыратады. Наталья Дементьева бұл құбылысты «оқиға қылмысы емес, процесс қылмысы» деп сипаттай келіп, «жәбірленуші өз өмірін қудалаушының әрекетіне бейімдей бастайды. Бағытын өзгертеді, телефон нөмірін ауыстырады, әлеуметтік желідегі парақшаларын жояды. Формальды түрде еркін болғанымен, іс жүзінде тұрақты психологиялық қысым жағдайында өмір сүреді», – деді.

Адвокат Әсел Тоқаеваның пікірінше, сталкинг үшін жауаптылық белгілейтін 115-1-баптың қабылдануы маңызды қадам болғанымен, оны әлі де жетілдіру қажеттілігі бар. Қазіргі редакцияда жауаптылықтың бір ғана деңгейі қарастырылған. Ал тәжірибеде бір реттік мазалау мен ұзақ уақытқа созылған жүйелі қудалаудың қоғамдық қауіптілігі бірдей емес. Сондықтан адвокат киберсталкингті, адамдар тобы арқылы жасалған қудалауды, қорқыту немесе бопсалау элементтері бар әрекеттерді ауырлатып мән-жай ретінде қарастыруды ұсынды. Оның айтуынша, қазіргі таңда сталкинг көбіне цифрлық кеңістікке ауысып жатыр. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, жалған

аккаунттар, геолокацияны бақылау, жеке мәліметтерді тарату сияқты тәсілдер жиі қолданылады. «Заманауи адам қудалаушысынан жүздеген шақырым алыста жүруі мүмкін. Бірақ соған қарамастан күн сайын оның ықпалын сезінеді», – дейді заңгер.

Дөңгелек үстелде айтылған маңызды пікірлердің бірі – заңнаманы жетілдірумен қатар қоғамдық көзқарасты өзгерту қажеттігі. Сарапшылардың айтуынша, сталкинг жоғары латентті құқық бұзушылықтардың қатарына жатады. Яғни, нақты оқиғалардың көпшілігі құқық қорғау органдарына жетпейді. Бұған жәбірленушілердің қорқынышы ғана емес, қоғамдағы қате түсініктер де әсер етеді. «Ол жай ғана қызғанып жүр», «Ол әлі де жақсы көреді», «Ол ештеңе істеген жоқ қой» деген пікірлер қудалаудың қауіптілігін төмендетіп көрсетеді. Сондықтан қатысушылар құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, мектептер мен жоғары оқу орындарында ақпараттық науқандар жүргізу қажеттігін айтты.

Дөңгелек үстел қорытындысында қатысушылар сталкинг пен некеге мәжбүрлеуге қарсы күрес тек қылмыстық жауаптылық енгізумен шектелмеуі тиіс деген ортақ пікірге келді. Заңның тиімділігі қозғалған қылмыстық істердің санымен емес, азаматтардың өзін қаншалықты қауіпсіз сезінетінімен өлшенеді. Бүгінде Қазақстан алдында жаңа міндет тұр. Ол – жеке шекараны құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, адамның еркін таңдау құқығын қорғау және психологиялық қысымның кез келген түріне төзбеушілік қағидатын орнықтыру. Өйткені, құқықтық мемлекет тек заң қабылдаумен емес, сол заң қорғайтын құндылықтарды қоғамның өзі мойындаған кезде ғана толыққанды жұмыс істейді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

МИГРАЦИЯ АШЫҚ БАҚЫЛАНУЫ КЕРЕК

Бүгінгі Қазақстанды тек «адамдары шетелге кетіп баратын ел» деп сипаттау ескі түсінікке айналып барады. Соңғы деректерге қарасақ, Қазақстан енді тек көшіп кетуші емес, көшіп келудің де мекеніне айналды. Біреулер мұнда жұмыс іздеп келеді, біреулер турист ретінде табиғатын көруге келеді, енді біреулер тұрақты қоныстануды ойлайды. Ал тағы бір топ үшін Қазақстан – Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай арасындағы үлкен транзиттік дәліз. Сондықтан, елге қанша шетелдік келді? – деген сұрақтың жауабы бір ғана санмен шектелмейді. Бұл сұрақтың артында туризм, еңбек нарығы, қауіпсіздік, демография, қала инфрақұрылымы және ұлттық мүдде тұр.

Ресми статистикадан бастасақ – 2025 жылы Қазақстанға тұрақты көші-қон есебі бойынша 23 761 адам келген. Ал елден кеткендер саны 7 608 адам болды. Яғни, көші-қон айырымы оң нәтиже көрсетіп, 16 153 адамды құрады. Бұл – Қазақстаннан кеткендерден гөрі, келгендер көп болды деген сөз. Бір қарағанда 23 мың адам аса үлкен сан емес сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жерде әңгіме туристер немесе уақытша келгендер туралы емес, тұрғылықты жерін ауыстырып, Қазақстанға ресми түрде көшіп келген адамдар туралы болып отыр. Яғни, бұл сан тұрақты қоныстану бағытын көрсететін маңызды демографиялық көрсеткіш.

Уақытша келіп-кеткен шетелдіктер саны мүлде басқа деңгейде. ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың мәліметінше, 2025 жылы Қазақстанға 10,8 миллион шетелдік азамат кірген, ал елден шыққандар саны 10 миллион 650 мың болған. Бұл – Қазақстан шекарасы арқылы бір жылда миллиондаған адамның қозғалысы өткенін көрсетеді. Мұнда турист те бар, жұмыс бабымен келген адам да бар, туысына келген қонақ та бар, транзитпен өткен жолаушы да бар.



Туризм көрсеткіші де ерекше назар аудартады. 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысы бойынша Қазақстанға туристік мақсатта 12,1 миллион шетел азаматы келген. Оның 8,6 миллионы елде бір тәуліктен астам уақыт болып, шетелдік турист ретінде есептелген. Ал орналастыру орындарының қызметін шамамен 1 миллион шетелдік пайдаланған. Бұл сандар Қазақстан туризмінің баяу болса да, нақты қозғалысқа түскенін көрсетеді. Бұрын Қазақстанды көп адам тек «кең дала», «мұнай», «Байқоңыр» арқылы елестетсе, қазір шетелдіктер Алматы тауларына, Шарын шатқалына, Көлсайға, Маңғыстауға, Түркістанға, Астанаға арнайы саяхаттап келетін болды. Әсіресе, этнотуризм, табиғи туризм және қысқа мерзімді city-break бағыттары

қызығушылық тудырып отыр.

Бірақ осы жерде бір қызық қайшылық бар. Туристік мақсатпен келгендер саны миллиондап саналғанымен, қонақ үй немесе ресми орналастыру орындарын пайдаланған шетелдіктер саны әлдеқайда аз. Бұл нені білдіреді? Демек, шетелдіктердің бір бөлігі туыстарының үйіне тоқтайды, бір бөлігі жалдамалы пәтер пайдаланады, бір бөлігі қысқа мерзімді сапармен ғана келеді. Бұл туризм нарығы үшін әрі мүмкіндік, әрі мәселе. Мүмкіндік дейтініміз – сұраныс бар. Мәселе дейтініміз – осы сұраныстан түсетін табыс толықтай ресми экономикаға кірмеуі мүмкін. Егер турист қонақ үйде тұрмаса, гид қызметін пайдаланбаса, ресми турпакет алмаса, оның ел экономикасына

қалдыратын нақты үлесін есептеу қиындайды.

Миграция мәселесіне келгенде қоғамда қорқыныш та бар. «Шетелдіктер көбейсе, жұмыс орындары азаймай ма?», «пәтер бағасы тағы өспей ме?», «қоғамдық қауіпсіздікке әсер етпей ме?» деген сұрақтар орынды. Әсіресе, Астана мен Алматы сияқты ірі қалаларда халық санының өсуі инфрақұрылымға тікелей салмақ салады. Жол, қоғамдық көлік, мектеп, аурухана, жалдамалы пәтер нарығы – бәрі миграциялық ағынды сезеді. Бірақ миграцияны тек қауіп ретінде көру де дұрыс емес. Дұрыс басқарылған миграция елге еңбек күші, жаңа кәсіп, туристік табыс, халықаралық байланыс және демографиялық серпін әкелуі мүмкін.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ЕсопотуКZ порталының сарапшысы Сұлтан Валиханов 2025 жылғы көші-қон процесін талдай отырып, Қазақстан көші-қон есебін қалыпты өсім кезеңіне өткенін айтады. Оның пікірінше, бұл өзгеріс екі факторға сүйенеді: елден кетушілердің азаюы және ішкі мобильділіктің артуы. Сарапшы бұл үрдіс еңбек нарығына, ірі қалалардың инфрақұрылымына әсер ететінін және халық азайып жатқан өңірлер үшін жаңа тәуекелдер қалыптастыратынын атап өтеді.

Бұл – жай ғана құр статистика емес, мәселенің шын салмағын көрсететін пікір.

Қазақстан үшін ең үлкен міндет – миграцияны тоқтату емес, оны ақылды басқару. Өйткені жаһандану дәуірінде адамдардың қозғалысын толық тоқтату мүмкін емес. Керісінше, елге кім келіп жатыр, қандай мақсатпен келіп жатыр, қанша уақытқа келді, қай салада жұмыс істейді, заңды тіркелді ме – осының бәрі ашық әрі нақты бақылануы керек. Егер турист келсе – оған сапалы сервис ұсынылуы тиіс. Егер еңбек мигранты келсе – ол заңды жұмыс істеуі керек. Егер тұрақты қоныстанушы келсе – оның қоғамға бейімделуі, тілдік және құқықтық сауаты назардан тыс қалмауы қажет.

Гүлнұр АРАПОВА

КӨКЕЙКЕСТІ

Әдетте жаз басталғанда тамақтан улану қауіпі бірнеше есе артады және екіншіше қарай зардап шегушілердің статистикасы да осы кезеңдері жоғарылайды. Жалпы, Қазақстанда тағам сапасы қалай тексеріледі, заңсыздықтарды қандай мекеме әшкерелейді және статистика не дейді? Мамандардың басты кеңестерімен бірге осы тақырыпты талдап көрейік.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРІЛЕДІ?



Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті қадағалайды. Олар тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және сату кезінде санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Елімізде тағам өнімдерінің қауіпсіздігі «фермадан үстелге дейін» деген халықаралық қағидат бойынша бақыланады. Тексеру екі негізгі кезеңнен тұрады: Оның біріншісі құжаттық бақылау: Кез келген өнімнің сәйкестік сертификаты, декларациясы немесе ветеринариялық анықтамасы болуы шарт. Ал екінші тексеріс зертханалық сараптама: Бұл ең негізгі бөлік. Мұнда өнімдердің микробиологиялық (зиянды бактериялардың болуы), физика-химиялық (құрамы, консерванттар) және токсикологиялық (ауыр металдар, пестицидтер, антибиотиктер) көрсеткіштері тексеріледі. Алайда, базарлар маңы қазір ретке келді десек те, жедел бұзылатын тағамдардың ашық күн астында саудалануы қарапайым халықтың жедел улануына әкеледі. Жағалай қаптаған самса, пирожки, басқа да жекелеген тағамдардың тоназытқышсыз саудалануы осындай келенсіздіктерге түрткі.

Заңсыздықтарды қай мекеме әшкерелейді? Қазақстанда бұл салаға жауапты негізгі екі мемлекеттік орган бар: Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (СЭБК); халық арасында бұрынғы атауымен «СЭС» деп аталады. Олар дүкендерді, мейрамханаларды, мектеп асханаларын және базарларды тексереді. Олар нарықтан тағамдарды сатып алып (бақылау мақсатында сатып алу), зертханаға жібереді. Заң бұзғандарға айыппұл салады, тауарды тәркілейді немесе нысанды жабады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті – бұл мекеме шикі ет, сүт, жұмыртқа секілді мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу сатысын да (сою пункттері мен фермаларда) бақылайды.

СЭБ комитеті жыл сайын тонналаған сапасыз өнімді саудадан шығарады.

Неліктен жазда улану жиілейді? Ыстық ауа райы – микроорганизмдер мен бактериялардың прогрессиямен өсіп-өнуіне ең қолайлы орта. Егер қыста тағам бөлме температурасында бірнеше сағат бұзылмай тұра алса, жазда +30°C жоғары ыстықта небәрі 2 сағаттың ішінде улы токсиндер жиналып үлгереді. Сондықтан қауіпті тағамдардан бас тартыңыз: Жаз күндері майонез бен қаймақ қосылған көп компонентті салаттарды, кремді бар кондитерлік өнімдерді, холодец және тартылған еттен (фарш) жасалған тағамдарды барынша азайтыңыз. Олар өте тез бұзылады. Көше бойында, аялдамалар мен жол жиегінде күннің астында тұрған ет, сүт өнімдерін, қолдан жасалған консервілерді мүлдем сатып алмаңыз. Онда тоңазытқыш режимі де, тазалық та сақталмайды. Ет, құс және балық өнімдерін пісіру уақытын қысқартпаңыз (кем дегенде 40 минут жақсылап пісуі немесе қуырылуы керек). Жоғары температура бактерияларды өлтіреді. Ас үйдегі қауіпсіздік нормаларын сақтаңыз: Тоңазытқышта шикі ет/балық пен дайын тамақтарды бірге қоймаңыз. Шикі өнімнен бактериялар дайын асқа ауысуы мүмкін. Сондай-ақ, шикі ет тураған тактайша мен пышақты нан немесе көкөніс турауға қолданбаңыз. Дүкеннен келген жұмыртқаны қолданар алдында сабындап жуған абзал. Ал басқа дақылдарды, жеміс-жидектерді ағынды таза сумен мұқият шайыңыз. Егер тамақтан кейін жүрек айну, іштің ауыруы, диарея немесе дене қызуының көтерілуі байқалса, өз бетіңізбен емделмей, дереу жедел жәрдем шақырыңыз.

Мадина ҒАЛЫМҚЫЗЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

ҚазҰУ стартаптары жеңіске жетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттері мен жас зерттеушілері медицина және онкология саласындағы Еуразиялық цифрлық зияткерлік шешімдер форумында жүлделі орындар мен арнайы марапаттарға ие болды.

Ауқымды іс-шара жас зерттеушілерді, инновациялық технологияларды әзірлеушілерді, медицина қауымдастығының өкілдерін және цифрлық денсаулық сақтау саласындағы сарапшыларды біріктірді. Форум аясында медицина, онкология, жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы перспективалық әзірлемелерді анықтауға және қолдауға бағытталған стартап-жобалар байқауы ұйымдастырылды. Байқау жеңімпаздары ақшалай сыйлықтарға ие болды: бірінші орын үшін – 150 мың теңге, екінші орын үшін – 100 мың теңге, үшінші орын үшін – 70 мың теңге. Сонымен қатар әрқайсысына 30 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйақы тағайындалды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттері мен жас ғалымдары стартап-жобалар байқауының жүлдегері атанып, жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

Стартап-жобалар байқауының қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкілдері келесі орындарды иеленді: Әлия Джемал (Phytopharm) – 1-орын, Мұхаметжан Айтқазин (Cervica) – 2-орын. Сонымен қатар университет жобалары арнайы номинациялар бойынша марапатталды: «Медицинадағы үздік экологиялық идея» – Мирас Мұқажан (OmniHisto), «Көрсеткіштер көзайымы» жүлдесі – Абдулазиз Абдукаримов (AmanAI), «Цифрлық медицинаның болашақ көшбасшысы» – Мұрат Болысбек (AlfaBrain), «Үздік топтық жоба» – Сандуғаш Тұрмахан (Embico AI).

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БИТІМ

МЕДИАЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ БИІК, ПАЙДАСЫ ОРАСАН

Биыл «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілуіне 15 жыл толып отыр. 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданып, тамыздан бастап қолданысқа енгізілген бұл заңның он бес жылдық жылнамасы ізгілікті істерге, тиімді нәтижелерге толы. Осы жылдар ішінде медиация өзіне жүктелген сенімді ақтап, қоғамдағы тиімді институттың бірі екенін толық дәлелдеді. «Медиация туралы» заңның артықшылығы аз емес.

Еуропа мен АҚШ елдерінде медиация ұзақ уақыт бойы құқықтық мәдениеттің пәрменді құралы ретінде қызмет етті. Ал Қазақстанда «Медиация туралы» үйлестіретін заң кейін қабылданғанымен, бітімгершілік дәстүрі бұрыннан бар. Дауларды бітіммен шешіп, екі тарапты татулыққа шақыру қазақы құқықтың басты шарты.

Медиацияны қолдану механизмі он бес жылдың ішінде заңдық тұрғыдан бірнеше рет жаңғыртылды. Соның нәтижесінде медиаторлардың мәртебесі нығайтылып, татуластыру тетіктерін жетілдіруге, әуре-сарсаңды азайтуға көмектесетін түзетулер енгізілді. Қазақстанда медиация отбасылық және еңбек дауларынан бастап банктік, корпоративтік және қылмыстық істерге дейін әртүрлі салаларда кең көлемде қолданылады. Сонымен қатар, бұл процедураны кез келген кезеңде сотқа дейін, сот отырысында және тіпті атқарушылық іс жүргізу кезінде де қолдануға болады. Он бес жылдың ішінде осы мүмкіндікті пайдаланып дауды бітімгершілікпен, татуластыру арқылы шешкен тараптар баршылық.

«Медиация туралы» заңның сот жүйесіне тигізер пайдасы аз емес. Ең алдымен бұл институт соттың жүктемесін азайтумен құнды. Қаралатын істердің азаюы судьялардың жұмыс уақыты мен процесстік ауыртпалығын айтарлықтай жеңілдетеді. Соның арқасында судьялар неғұрлым күрделі істерге көбірек көңіл бөліп, өз білімін жетілдіруге, тәжірибесін шыңдауға уақыт табады.

«Медиация туралы» заңның тараптарға берер жеңілдігі тіпті көп. Медиативтік келісімге келген азаматтар уақыт пен қаражатын үнемдейді. Себебі сот процестері айларға, кейде жылдарға созылуы мүмкін. Ал медиация арқылы шешім тез қабылданып, мемлекеттік баж салығы қайтарылады. Дауласқан тараптардың заңгер көмегі үшін де аз қаржы шығындары түсінікті. Сондай-ақ медиация тараптар арасындағы татулықты сақтауға көмектеседі. Екі тарап бітімгершілік келісімге келіп, дауды ортақ мәмілемен аяқтаған соң, араларындағы жақсы қарым-қатынастың сақталып, сыйластыққа сына түспейтіні мәлім. Сот барысында керісінше өз уәжін дәлелдегісі келген тараптардың ашумен бір-біріне қатты сөз айтып, бет жыртысатын кезі көп.

Бұған қоса сот процесінен кейін шешімдердің дер кезінде орындалуы сирек, ал медиацияда тараптар ортақ мәмілеге тоқтағандықтан, келісімді де өз еркімен орындауға күш салады.

Медиация тараптар арасындағы құпияны сақтаумен де ерекше болып табылады. Ал сот процестері бірқатар шектеулі істерде болмаса тұтастай ашық қаралады. Процесс ашық өткеннен кейін сот отырысындағы барлық мән-жай көпшілікке белгілі болады. Бұл да азаматтардың медиацияға басымдық беруіне ықпал ететін себептің бірі.

Медиация – ерікті құрал. Медиаторды таңдау да тараптардың өз қалауымен жүргізіледі. Ал судьяны таңдау мүмкін емес. Бүгінде барлық істер су-



Шынар ОСПАНОВА,
Үржар аудандық сотының
төрағасы

дьяларға компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлінеді. Тараптардың медиацияға басымдық беруіне де осы артықшылық түрткі болып жатады.

Жалпы, сот тәжірибесінен байқап отырғанымыздай, қазір медиация арқылы түйінделетін даулар көп. Бұған медиаторлар санының көбеюі, кәсіби медиаторлардың білігі мен білімінің толысып, тараптарды келісімге келтіру шеберлігінің артқаны да оң әсерін тигізуде. Әрине, дауды сот арқылы шешуге келіп, өзара бітімге тоқтаған тараптардың көбеюі оң үрдіс.

Десек те, сот, құқық саласына үлкен бетбұрыс жасап, халықтың қажетіне жауап беретін медиация институтын әлі де жетілдіріп, дамыту бойынша жұмыстар тоқтамауы керек. Ол үшін медиацияның пайдасын түсінідіру, медиацияны қолдану тетіктері туралы толыққанды ақпаратты үздіксіз беріп, медиаторларға деген сенімді нығайту үшін медиациямен біткен істерді насихаттау кезек күттірмейді. Ең бастысы, қоғамдағы қақтығыстарды азайтып, құқықтық мәдениетті нығайту маңызды. Құқықтық сауатты азаматтардың сергелденге түспейтіні, өз мүддесін сенімді қорғайтыны анық.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

Азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық техника – бәрі де күнделікті қажеттілік. Алайда сатып алған тауарымыздың кенәуен шықпай қалатын немесе ақауы анықталатын кезі көп. Осындай жағдайда дүкенге қайта барып, «Тауарды ауыстырып беріңіз» немесе «Ақшамды қайтарыңыз» деген талап қойған тұтынушыға кейбір сатушылардың «Қайтарылмайды және ауыстырылмайды!» деп жауап беретіні жасырын емес.

ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ ҚАЛМАСЫН



Осы орайда заң не дейді? Біз өз құқығымызды қаншалықты білеміз? Әсіресе, соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан онлайн сауда саласында тұтынушының құқығы қалай қорғалады? Осы мәселелерге тоқталып көрейік.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес, сатып алушы тиісті сападағы тауарды сатып алған күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде айырбастауға немесе қайтаруға құқылы. Алайда бұл құқықты жүзеге асыру үшін белгілі бір талаптар сақталуы қажет. Тауар қолданылмаған болуы, тауарлық түрі сақталуы, зауыттық жапсырмалары мен белгілері бүлінбеуі тиіс. Сонымен қатар сатып алушы растайтын құжаттың болғаны жөн. Егер фискалдық чек сақталмаса, банк қосымшасындағы төлем туралы мәлімет, бейнебақылау жазбасы немесе өзге де дәлелдер ұсынылуы мүмкін.

Сонымен қатар заңда қайтаруға немесе айырбастауға жатпайтын тауарлардың тізімі де көрсетілген. Олардың қатарына дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, іш киімдер мен шұлық өнімдері, метрлеп сатылатын тауарлар (мата, кілем, кабель және т.б.), техникалық ақауы жоқ ұялы телефондар мен планшеттер, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер жатады.

Заңда нақты 14 күн көрсетілсе де, базарлар мен шағын дүкендерде басқа тәжірибе кездеседі. Кейбір сатушылар «тек 3 күнде қайтаруға болады» немесе «бізде қайтару жоқ» деп талап қояды. Сонымен қатар тұтынушыларға көбіне чек берілмейді, есеп қолма-қол жасалады. Бұл жағдай тұтынушыға өз құқығын дәлелдеуді қиындатады.

Неге құқық бұзушылықтар әлі де көп?

Басты себептердің бірі – құқықтық сауаттың төмендігі. Сонымен қатар кейбір кәсіпкерлер тұтынушының заңды білмейтінін пайдаланады. Ал көпшілік аз сома үшін уақыт жоғалтқысы келмей, дауды ары қарай қозғамайды. Мұндай жағдайда не істеуге болады? Егер сатушы чек бермесе немесе қайтарудан бас тартса, тұтынушы сатып алу фактісін жанама дәлелдермен растауға тырысуы керек (банк аударымы, куәгер, тауар қаптамасы); сондай-ақ базар немесе сауда орны әкімшілігіне жүгінуге; тұтынушылар құқығын қорғау органдарына ресми шағым беруге құқылы.

Онлайн дүкендегі ереже

Бүгінде әлеуметтік желілер мен түрлі маркетплейстер арқылы сауда жасау қалыпты құбылысқа айналды. Дегенмен кейбір интернет-дүкендер «Тауар қайтарылмайды» деген өз ережелерін ұсынады. Алайда мұндай нұсқаулары заң талаптарына қайшы келеді.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, қашықтықтан сатылған тауарларға да 14 күндік қайтару немесе айырбастау құқығы қолданылады. Тіпті, онлайн саудада да тұтынушыға қосымша мүмкіндік берілген. Егер сатушы тауарды жеткізу кезінде қайтару тәртібі мен мерзімдері туралы жазбаша ақпарат ұсынбаса, сатып алушы тауарды үш ай ішінде қайтаруға құқылы.

Онлайн саудада жиі кездесетін даулы жағдайдың бірі – киім өлшемін сәйкес келмеуі. Мұндай жағдайда тұтынушы тауарды қайтарып, заңда көзделген тәртіппен қаражатын кері талап ете алады. Сондай-ақ әлеуметтік желі арқылы сауда жасайтын кәсіпкерлер де заң алдында басқа сатушылармен бірдей жауапкершілікке ие. Сондықтан жеке банк картасына жасалған аударым да сатып алу фактісін дәлелдейтін маңызды құжаттардың бірі болып саналады.

Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын заңнамалық база жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Алайда тәжірибеде заң талаптарының толық орындала бермейтіні байқалады. Көп жағдайда азаматтар өз құқығын қорғауға уақыт жұмсағысы келмейді немесе заң талаптарын толық білмейді. Мұны кейбір кәсіпкерлер теріс пайдалануы мүмкін.

Соңғы жылдары бұл бағытта бірқатар оң өзгерістер жүзеге асырылуда. Сауда және интеграция министрлігіне қарасты Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті мен «e-tutynushy» платформасының іске қосылуы азаматтардың шағымдарын жедел қарауға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде көптеген дауларды сотқа жеткізбей-ақ шешуге жағдай жасалған.

Дау туындаса не істеу керек?

Егер сатушы заңды талабыңызды орындаудан бас тартса, келесі әрекеттерді орындаған жөн:

1. Жазбаша шағым беріңіз. Шағымды екі дана етіп жазып, оның бір данасына қабылданғаны туралы белгі қойдырып алыңыз. Заң бойынша кәсіпкер өтінішке белгіленген мерзімде жауап беруі тиіс.
 2. Дәлелдер жинаңыз. Чек, төлем түбіртегі, хат алмасу скриншоттары, дыбыстық немесе бейнежазбалар сіздің ұстанымыңызды дәлелдеуге көмектеседі.
 3. Құзырлы органдарға жүгініңіз. Егер мәселе шешілмесе, тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына немесе сотқа шағымдануға болады.
- Тұтынушы құқығы – жай ғана заң мәтнінде жазылған норма емес, әр азаматтың заңмен қорғалатын құқығы. Өз құқығын білетін әрі талап ете алатын тұтынушы ғана сапалы қызмет көрсету мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан әрбір азамат заң талаптарын біліп, қажет болған жағдайда өз мүддесін қорғаудан тартынбауы тиіс.

Аружан ОМАР
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің студенті

ТҮЙТКІЛ

ДИСКРИМИНАЦИЯ - ЗАЙЫРЛЫ ЕЛ ҰСТАНЫМЫНА ҚАЙШЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Тілге байланысты дискриминация да қоғамда байқалады. Қазақстанда қазақша сөйлейтін адамды менсінбей қарайтындар кейде орысша білмейтіндерді төмен санайтындар кездеседі. Кейбір жастар қазақша сөйлегені үшін ұялады. Бұл өте өкінішті жағдай. Әр адам өз ана тілінде еркін сөйлеуге құқылы.

Кейбір жұмыс орындарында да тіл мәселесі кездеседі. Мысалы, қазақ тілін жақсы білетін адамды орысша еркін сөйлемейді деп жұмысқа алмауы мүмкін. Осындай кезде адамның біліміне емес, тек тіліне қарап баға береді. Негізі адамды тілі үшін кемсіту дұрыс емес. Көп тіл білу жақсы, бірақ ол арқылы біреуді төмендетуге болмайды.

Әлеуметтік желілерде де дискриминация көп байқалады. Адамдар бір-бірін сыртқы келбетіне, ұлтына, дініне қарап мазақ етеді. Әсіресе, оранып жүрген қыздарға ауыр пікірлер жазып, келемеждейтіндер бар. Кейде адамдар экранның ар жағында отырғандықтан, бір ауыз ойсыз айтылған сөздері біреу-

...әлемдегі танымал киім брендтерінің бірі болған Abercrombie & Fitch компаниясында да дискриминациялық жағдай тіркелген. Саманта Элауф есімді мұсылман қыз жұмысқа орналасуға барған кезде, оның білімі мен қабілетіне емес, хиджаб киетініне көбірек назар аударылған. Компания оны сыртқы келбеті фирманың талаптарына сәйкес келмейді деген себеппен жұмысқа алмаған. Кейін бұл жағдай қоғамда үлкен талқы тудырып, сотқа дейін жеткен. Бұл оқиға көптеген адамдарға адамының киімі немесе діни көзқарасы оның кәсіби қабілетін анықтамайтынның көрсетсе керек.

дің жанын жаралап, көңіліне тиетінін ойламайды.

Зайырлы қоғамда ең алдымен сыйластық болуы керек. Әр адамның өмір сүру салты, киімі, тілі немесе тандуы әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ сол үшін адамды жек көру немесе шеттеу дұрыс емес. Қоғам дамыған сайын адамдардың бір-біріне деген түсіністігі де артуы керек.

Дискриминация адамның өзіне де-

ген сенімін азайтады. Кейбір жастар жұмыс таба алмай, қоғамнан өз орнын таппай күйзеліске түседі. Әсіресе, бірнеше рет жұмысқа қабылданбай қалған адам өз қабілетіне күмәндана бастайды. Сондықтан қоғамда адамдарды қолдау, тең қарау өте маңызды.

Мысалы, әлемдегі танымал киім брендтерінің бірі болған Abercrombie & Fitch компаниясында да дискриминациялық жағдай тіркелген. Саманта Элауф есімді мұсылман қыз жұмысқа орналасуға барған кезде, оның білімі мен қабілетіне емес, хиджаб киетініне көбірек назар аударылған. Компания оны сыртқы келбеті фирманың талаптарына сәйкес келмейді деген се-

беппен жұмысқа алмаған. Кейін бұл жағдай қоғамда үлкен талқы тудырып, сотқа дейін жеткен. Бұл оқиға көптеген адамдарға адамның киімі немесе діни көзқарасы оның кәсіби қабілетін анықтамайтынын көрсетсе керек.

Жаңылсын ЖҰМБАБЕВА,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2 курс студенті

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қанша адам рақымшылыққа ілігуі мүмкін?

– Алдын ала есеп бойынша шамамен 15 мыңға жуық адам рақымшылықтың түрлі тетіктерін пайдалана алады. Бірақ қоғамда осы адамдардың бәрі бостандыққа шығады деген қате түсінік бар. Шын мәнінде олардың белгілі бір бөлігі ғана толық босатылады. Қалғандарының жазасы қысқартылады немесе жеңілдетіледі. Сондықтан бұл жаппай босату акциясы емес, жазаны дараландыру тетігі.

– Қандай санаттағы адамдар рақымшылыққа ілінбейді?

– Заң жобасы бойынша қоғамға жоғары қауіп төндіретін тұлғалар рақымшылықтан тыс қалады. Олардың қатарында лаңкестер, экстремистер, педофилдер, азаптау фактілері үшін сотталғандар, сыбайлас жемқорлар, адам өлтіру және басқа да аса ауыр қылмыс жасағандар бар. Мұндай шектеулер қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін енгізілген. Мемлекет бұл жерде гуманизм мен қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысып отыр.

– Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотталғандар қамтыла ма?

– Жоқ. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Қазақстан соңғы жылдары жемқорлықпен күресті мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналдырды. Екіншіден, жемқорлық қылмыстары қоғамның мемлекетке деген сеніміне тікелей зиян келтіреді. Үшіншіден, егер мұндай адамдар рақымшылыққа ілінсе, бұл қоғамда «жемқорлық үшін жауапкершілік әлсіреп жатыр» деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Сондықтан бұл жерде саяси дабыл өте анық: мемлекет жемқорлыққа қатысты ымырасыз саясаттан бас тартпайды.

– Зардап шеккен тараптың мүддесі қалай қорғалады?

– Кез келген құқықтық мемлекеттің негізгі міндеті – тек сотталған адамның емес, жәбірленушінің де құқықтарын қорғау. Сондықтан рақымшылық автоматты түрде кінәні кешіру дегенді білдірмейді. Көп жағдайда келтірілген материалдық шығын өтелуі немесе өлтіру тәртібі сақталуы қажет. Жәбірленушілердің азаматтық талаптары өз күшін жоғалтпайды. Яғни, рақымшылық қылмыстық жазаны жеңілдетуі мүмкін, бірақ келтірілген залал үшін жауапкершілікті жоймайды.

– Қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан қандай тәуекелдер бар?

– Әрине, кез келген рақымшылық белгілі бір тәуекелдерді қамтиды. Негізгі қауіп – рецидив, яғни қайта қылмыс жасау мүмкіндігі. Алайда халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ұзақ уақыт түзеу мекемесінде болып, кейін қоғамнан оқшауланған адамдардың қайта бейімделуі күрделі мәселе болып саналады. Сондықтан мемлекеттің міндеті – тек босату емес, кейінгі бақылау мен қолдауы ұйымдастыру. Қауіптің деңгейі негізінен пробация жүйесінің тиімділігіне байланысты болады.

– Рақымшылық түзеу мекемелеріндегі жағдайға қалай әсер етеді?

– Бұл шешім түзеу мекемелеріндегі адам санын азайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде: мекемелердегі жүктеме төмендейді; қызметкерлердің жұмысы жеңілдейді; медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасы артады; бір сотталған адамға жұмсалатын ресурс тиімдірек пайдаланылады. Сондықтан рақымшылық белгілі бір дәрежеде пенитенциарлық жүйені оңтайландыру құралы ретінде де қарастырылып отыр.

– Сотталғандарға кешіріліс берудің экономикалық тиімділігі қандай?

– Бір сотталған адамды ұстауға мемлекет жыл сайын қомақты қаржы жұмсайды. Бұл қаржыға тамақтандыру, медициналық қызмет, коммуналдық шығындар, күзет және қауіпсіздік шаралары кіреді. Сотталғандардың саны азайған сайын бюджетке түсетін жүктеме де төмендейді. Алайда экономикалық тиімділік бұл заңның негізгі мақсаты емес. Басты мақсат – түзелуге



Қайрат БАЛАБИЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«РАҚЫМШЫЛЫҚ – ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ҚҰРАЛЫ»

мүмкіндік беру және әлеуметтік қайта бейімдеуді қамтамасыз ету.

– Рақымшылыққа ілінген азаматтарды қоғамға бейімдеу қалай жүзеге асады?

– Бұл – ең маңызды сұрақтардың бірі. Егер адам түрмеден шығып, жұмыссыз қалса немесе әлеуметтік қолдау көрмесе, қайта қылмыс жасау қаупі артады. Сондықтан жұмыспен қамту орталықтары, пробация қызметі, әкімдіктер және әлеуметтік қорғау органдары бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Сарапшылардың пікірінше, рақымшылықтың тиімділігі босатылған адамдардың санына емес, олардың қоғамға қауіпсіздік сәтті бейімделгеніне байланысты бағаланады.

– Халықаралық тәжірибеде мұндай рақымшылық актілері қаншалықты жиі қолданылады?

– Рақымшылық институты әлемнің көптеген елдерінде қолданылады. Ол әдетте мемлекеттік мерейтойлар, саяси реформалар, конституциялық өзгерістер немесе гуманитарлық себептерге байланысты жарияланады. Мысалы, Италия, Франция, Испания, Ресей, Түркия және бірқатар Латын Америкасы елдерінде әртүрлі кезеңдерде рақымшылық актілері қабылданған. Алайда қазіргі халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттер ауыр қылмыс жасаған адамдарға рақымшылық беруге барған сайын сақ қарай бастады. Соңғы жылдары әлемде «жаппай рақымшылықтан» гөрі «мақсатты рақымшылық» үлгісі басым. Яғни, кәсіпкерлер, әйелдер, қарттар, бірінші рет қылмыс жасағандар немесе жеңіл қылмыс жасағандар ғана қамтылады. Қазақстандағы қазіргі заң жобасы да осы халықаралық үрдіске сәйкес келеді.

– Рақымшылық қылмыспен күрес саясатына қайшы келмей ме?

– Бір қарағанда рақымшылық жазалау қағидатына қайшы көрінуі мүмкін. Алайда құқықтық теорияда жазаның мақсаты тек жазалау емес. Оның ішінде әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу, жаңа қылмыстардың алдын алу міндеттері бар. Егер адам қоғамға қауіп төндірмейтін деңгейге жетсе және түзелуге ниеті барын көрсетсе, оған қосымша мүмкіндік беру қылмыспен күрес саясатына қайшы

...Қазақстан тәуелсіздік жылдары бірнеше рет рақымшылық жариялады. Сарапшылардың бағалауына, рақымшылыққа ілінгендердің басым көпшілігі қайтадан қылмыс жасамаған. Дегенмен рецидив толық жойылған жоқ. Бұл жерде маңызды мәселе – рақымшылыққа іліккен адамның кейінгі тағдыры. Егер адам жұмыспен қамтылса, әлеуметтік байланыстары сақталса және пробациялық бақылау дұрыс ұйымдастырылса, қайта қылмыс жасау ықтималдығы айтарлықтай төмендейді. Сондықтан қазіргі кезде көптеген елдер рақымшылықты әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларымен қатар жүргізеді.

емес. Керісінше, көптеген сарапшылар тиімді қылмыстық саясат тек қатаң жазалауға емес, қайта әлеуметтендіруге де сүйенуі керек деп есептейді.

– Рақымшылық әділеттілік пен ізгілік қағидаттарының арасындағы тепе-теңдікті сақтай ала ма?

– Бұл – рақымшылық төңірегіндегі ең күрделі сұрақтардың бірі. Бір жағынан, қоғам қылмыс жасаған адамның жазаланғанын қалайды. Бұл – әділеттілік қағидаты. Екінші жағынан, мемлекет адамның түзелу мүмкіндігін де жоққа шығармауы керек. Бұл – гуманизм қағидаты. Қазіргі заң жобасы дәл осы екі қағидаттың ортасынан жол табуға тырысады. Өйткені қоғамға аса қауіпті адамдарға рақымшылық жасалмайды, ал қауіптілігі төмен санаттағы адамдарға екінші мүмкіндік беріледі. Сондықтан бұл заңды әділеттілік пен ізгіліктің арасындағы ымыра ретінде бағалауға болады.

– Бұрынғы рақымшылықтардың нәтижелері қандай болды? Қайта қылмыс жасау статистикасы бар ма?

– Қазақстан тәуелсіздік жылдары бірнеше рет рақымшылық жариялады. Сарапшылардың бағалауына, рақымшылыққа ілінгендердің басым көпшілігі қайтадан қылмыс жасамаған. Дегенмен рецидив толық жойылған жоқ. Бұл жерде маңызды мәселе – рақымшылыққа іліккен адамның кейінгі тағдыры. Егер адам жұмыспен қамтылса, әлеуметтік байланыстары

сақталса және пробациялық бақылау дұрыс ұйымдастырылса, қайта қылмыс жасау ықтималдығы айтарлықтай төмендейді. Сондықтан қазіргі кезде көптеген елдер рақымшылықты әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларымен қатар жүргізеді.

– Бұл заң қоғамға қандай саяси және әлеуметтік меседж береді?

– Біріншіден, мемлекет азаматтарды түзеу мүмкіндігіне сенетінін көрсетеді. Екіншіден, қылмыстық саясаттың тек жазалауға емес, қайта тәрбиелеуге де бағытталғанын аңғартады. Үшіншіден, ауыр қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты қатаң ұстаным сақталатынын білдіреді. Саяси тұрғыдан алғанда бұл мемлекет пен қоғам арасындағы сенім қатынастарын нығайтуға бағытталған қадам ретінде бағалануы мүмкін.

– Кейбір азаматтар рақымшылықты заң бұзушыларға жасалған артықшылық деп қабылдайды. Бұл сынға не айтар едіңіз?

– Бұл пікірді түсінуге болады. Өйткені заңға бағынатын азаматтар үшін қылмыс жасаған адамның мерзімінен бұрын бостандыққа шығуы әділетсіз көрінуі мүмкін. Алайда рақымшылық – қылмысты ақтау деген сөз емес. Рақымшылыққа іліккен адамдар сотталған күйінде қалады және олардың жасаған қылмысы жойылып кетпейді. Тек мемлекет белгілі бір жағдайда жазаны жеңілдету туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар ауыр қылмыс

жасағандардың рақымшылықтан тыс қалуы қоғамдағы әділеттілік сұранысын ескерудің белгісі.

– Егер рақымшылыққа ілінген адамның бірі қайтадан ауыр қылмыс жасаса, мемлекет жауапкершілікті қалай түсіндіреді?

– Бұл өте өткір әрі орынды сұрақ. Кез келген рақымшылық кезінде белгілі бір тәуекел болады. Мемлекет бұл тәуекелді азайту үшін рақымшылыққа іріктеу критерийлерін қолданады. Бірақ ешбір ел қайта қылмыс жасау қаупін жүз пайыз жоққа шығара алмайды. Егер босатылған адам кейін қылмыс жасаса, ол жеке жауапкершілік болып есептеледі. Ал мемлекеттің міндеті – қауіптерді барынша азайту және бақылау механизмдерін тиімді ұйымдастыру.

– Бұл шешім гуманизм қағидатына негізделген бе, әлде пенитенциарлық жүйедегі проблемаларды шешудің амалы ма?

– Шын мәнінде екі себеп те бар. Гуманизм – ресми түрде жарияланған негізгі қағидаттардың бірі. Сонымен бірге түзеу мекемелерінің жүктемесін азайту, ресурстарды тиімді пайдалану және қайта әлеуметтендіру жүйесін жетілдіру де маңызды факторлар болып отыр. Әлемдік тәжірибеде бұл екі

мақсат көбіне қатар жүреді. Сондықтан бұл шешімді тек гуманизм немесе тек экономикалық мүдде деп біржақты бағалау дұрыс болмайды.

– Қалай ойлайсыз, рақымшылық қоғамның әділдік туралы түсінігіне әсер етпей ме?

– Әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекет рақымшылық жариялаған кезде қоғамның көңіл-күйін міндетті түрде ескереді. Егер ауыр қылмыс жасаған адамдар босатылса, қоғамда наразылық туындауы ықтимал. Ал қазіргі жағдайда заң жобасы ең қауіпті санаттарды қамтымайды. Сондықтан заң авторлары қоғамдағы әділеттілік сезімін сақтап қалуға тырысқанын байқауға болады. Бұл жерде негізгі мәселе – ашықтық пен түсіндіру жұмыстары. Қоғам рақымшылықтың кімдерге және не үшін беріліп жатқанын нақты түсінуі керек.

– Заң қабылданғаннан кейін азаматтар нақты қандай өзгерісті сезінеді?

– Қарапайым азаматтардың күнделікті өмірінде бірден байқалатын өзгеріс болмауы мүмкін. Алайда ұзақ мерзімді перспективада бірнеше нәтиже күтіледі. Мәселен, түзеу мекемелерінің жүктемесі азаяды, бюджет қаражаты тиімдірек жұмсалады, қайта әлеуметтендіру жұмыстары күшейеді, қоғамға оралған азаматтардың заңды өмір сүру мүмкіндігі артады. Егер мемлекет бейімдеу бағдарламаларын тиімді жүзеге асырса, бұл қоғамдық қауіпсіздікке де оң әсер етуі мүмкін.

Токетерін айтқанда, бұл рақымшылық ең алдымен қоғамға қауіп төндірмейтін, қателігін түсініп, түзелуге мүмкіндік алған азаматтарға арналған. Мемлекет олардың жазасын толық кешіріп отырған жоқ, керісінше қоғамға қайта оралып, заңды өмір бастауына мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар ауыр қылмыс жасағандар, жемқорлар, террористер мен балаларға қарсы қылмыс жасағандар рақымшылықтан тыс қалуы – әділеттілік қағидатының сақталғанын көрсетеді. Сондықтан бұл заңның негізгі мақсаты – гуманизм мен қоғамдық қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Мемлекеттік қызмет – әлеуметтік қызметтің бірі. Мемлекеттік қызмет атқаратындарға қоғам мен мемлекеттің сенімі ерекше. Осы орайда, әр мемлекеттік қызметші өзінің күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсауы тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығай-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ЖОҒАРЫ

туға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормасын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға тиіс екенін мемлекеттік қызметші жақсы білуі керек.

Жауапкершілігі зор салада жұмыс істейтін

мамандар қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлдық жол бермеуге, қарапайым болуға міндетті. Сонымен қатар қызмет барысында өз лауазымын теріс пайдаланбауға, қоғамға жат әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті жалпы ресми іскерлік стильге сай болуы шарт. Халыққа қызмет ететін мемлекеттік қызмет иелері Әдеп кодексін

бұлжытпай сақтаған жағдайда қоғамның және азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімі нығаяды, елімізде сыбайлас жемқорлық көріністерінің деңгейі төмендейді.

Айгүл ТУРАЛИЕВА,
Ақжайық аудандық сотының
жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

БАНКРОТТЫҚ – ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛУДЫҢ МҮМКІНДІГІ

Қазақстанда банкроттық рәсіміне жүгінетін азаматтар саны артып келеді. TAZALAU порталының 2026 жылғы 2 маусымдағы дерегіне сәйкес, соттан тыс банкроттық рәсіміне 416 154 өтініш берілген. Бір аптаның ішінде бұл көрсеткіш тағы 3 262 өтінішке көбейген. Қазіргі таңда банкрот деп танылған азаматтар саны 69 627 адамға жетсе, борышкерлер қатарына 28 181 адам кіреді. Сарапшылардың айтуынша, бұл деректер банкроттық тетігінің халық арасында кеңінен қолданылып жатқанын көрсетеді. Дегенмен көрсеткіштер елдегі несиеге тәуелділік пен қарыз жүктемесі мәселесінің әлі де өткір күйінде қалып отырғанын аңғартады.

мерзімін қысқарту болды. Міндеттемелерін орындау мерзімін бес жылдан астам уақыт өткізіп алған қарыз алушылардың едәуір бөлігінде берешекті өтеуге жеткілікті қаражат жоқ және олар ұзақ уақыт бойы төлем жүргізбеген.

Бұған дейін бұл санаттағы борышкерлердің өтініштері алты ай бойы қаралатын, бұл әкімшілік жүктемені арттырып, соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануды созып жіберетін, – деп хабарлады агенттік. 2026 жылдың

йін қысқартылды. Бұл шара уәкілетті органға түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға, проблемалық борышкерлер үшін банкроттық тетіктерінің қолжетімділігін арттыруға және қарыздарды есептен шығару процесін жеделдетуге бағытталған. Соның нәтижесінде азаматтардың экономикалық белсенді өмірге қайта оралуына қолайлы жағдай жасалады, – деп түсіндірді агенттік. Тағы бір маңызды бағыт – соттан тыс банкроттық талаптарына формалды түрде сәйкес келетін, алайда мұндай мүмкіндік туралы білмейтін азаматтарды ақпараттандыру. Соттан тыс банкроттық тетігіне сұраныс жоғары болғанымен, төлем қабілетсіздігінің белгілері бар азаматтардың едәуір бөлігі оны қолдану мүмкіндігінен хабарсыз. Соның салдарынан олар проблемалық берешекті реттеу бойынша ешқандай шара қабылдамайды, – делінген ресми жауапта.

Мемлекеттік кредиттік бюроның деректеріне сәйкес, бес жылдан астам мерзімі өткен берешек критерийіне 300 мыңнан астам қарыз алушы сәйкес келеді. Пилоттық жоба аясында оларға «1414» электрондық үкімет сервисі арқылы SMS-хабарламалар жіберіле бастады. Банкроттық рәсімінен кімдер өте алады? Adilzanger заң консультанттары палатасының мүшесі, қаржы басқарушысы Нұрсұлтан Сүгірбаевтың айтуынша, соттан тыс рәсімге кез келген азамат қатыса алмайды. Ол үшін қарыз көлемі 1 600 АЕК-тен, яғни 6 920 000 теңгеден аспауы керек. Сонымен қатар борышкердің атына тіркелген мүлік болмауы және соңғы 12 ай ішінде қарыз бойынша төлем жасалмауы қажет. Заңға сәйкес, өтініш беруші қарызды реттеу немесе өндіріп алу рәсімдерінен өткен болуы және соңғы жеті

Сондай-ақ міндеттемелер бес жылдан астам уақыт орындалмаған жағдайда да өтініш беруге мүмкіндігі бар. Ал қарыз көлемі 1 600 АЕК-тен асатын азаматтар үшін сот арқылы банкроттық рәсімі қарастырылған. Бұл жағдайда борышкердің мүлкі болуы мүмкін. Алайда ол қарызды өтеу үшін сатылуы ықтимал. Жалғыз тұрғын үй кепілге қойылмаған жағдайда ғана сақталып қалуы мүмкін.

Банкроттық рәсімі қарыздарды жаппай кешіру құралы емес. Өтініш берген әр азамат мемлекеттік деректер базалары мен кредиттік бюрорлар арқылы мұқият тексеріледі. Нұрсұлтан Сүгірбаевтың айтуынша, қиындықтардың көбі автоматтандырылған тексеру кезінде туындайды. Уәкілетті органдар азаматтың мүлкі, міндеттемелері және төлем қабілеттілігі туралы мәліметтерді тексереді. Егер талаптарға сәйкес келмейтін жайттар анықталса, алдын ала бас тарту туралы хабарлама жолданады. Алайда бұл түпкілікті шешім емес. Азамат қосымша құжаттар ұсынып, түсініктеме беру арқылы шешімді қайта қаратуға құқылы, – дейді заңгер.

Сонымен бірге сарапшы автоматтандырылған жүйелер кей жағдайларда нақты жағдайды дұрыс бағалай бермейтінін айтады. Мысалы, кейбір азаматтарға бір немесе бірнеше кредиттер алдындағы берешек бойынша мерзімі өткен қарыздың есептен шығарылуына байланысты бас тарту беріледі. Ал жүйеде төлем мерзімінің кешігуі мен қарызды өтеу кезеңін ажырата алмай қалатын жағдайлар кездеседі, – дейді ол. Банкроттық барлық қарызды кешірмейді. Көпшілік банкроттық рәсімінен өткен соң барлық міндеттемелер жойылады деп ойлайды. Алайда іс жүзінде олай емес. Соттан тыс рәсім арқылы тек банктер, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер мен арнайы қаржы компаниялары алдындағы қарыздарды ғана есептен шығаруға болады. Сот арқылы банкроттық рәсімінде қарыздардың ауқымы кеңірек болғанымен, белгілі бір міндеттемелер кешірілмейді. Олардың қатарында алимент бойынша берешек, адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу міндеттемелері, Ұлттық банк туралы заңнан туындайтын талаптар, қаржы басқарушысының қызмет ақысы, қылмыстық құқық бұзушылықтардан келген залалды өтеу және сот шешімімен өндірілетін бюджетке төлемдер бар, – делі заңгер.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



Банкроттық барлық қарызды кешірмейді. Көпшілік банкроттық рәсімінен өткен соң барлық міндеттемелер жойылады деп ойлайды. Алайда іс жүзінде олай емес. Соттан тыс рәсім арқылы тек банктер, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер мен арнайы қаржы компаниялары алдындағы қарыздарды ғана есептен шығаруға болады. Сот арқылы банкроттық рәсімінде қарыздардың ауқымы кеңірек болғанымен, белгілі бір міндеттемелер кешірілмейді.

қаңтарында агенттіктің ұсынысымен заңнамаға өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде бес жылдан астам мерзімі өткен берешегі бар және жиынтық қарызы 1 600 АЕК-тен аспайтын азаматтар үшін соттан тыс банкроттық рәсімін қарау мерзімі алты айдан бір айға де-

жыл ішінде банкроттық рәсімін қолданбаған болуы тиіс. Алайда кейбір ерекшеліктер де бар. Егер азамат алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алып келген болса, ол соңғы төлем жасалған мерзімге қарамастан соттан тыс банкроттыққа өтініш бере алады.

2 маусымдағы жағдай бойынша соттан тыс банкроттық рәсіміне 416 154 өтініш берілген. Соңғы жеті күнде бұл көрсеткіш 3 262 өтінішке көбейген. Борышкерлер саны 28 181 адамды құраса, бір апталық өсім – 1 411 адам. Ал банкрот деп танылған азаматтар саны 69 627-ге жетіп, соңғы жеті күнде тағы 1 085 адамға артқан. Сот арқылы жүргізілетін банкроттық рәсімі бойынша 25 088 талап арыз тіркелген. Өтініштердің басым бөлігі цифрлық арналар арқылы жолданған. Азаматтардың 96,2 пайызы өтінішті электронды үкімет порталы арқылы тапсырса, 3,6 пайызы e-Salyq Azamat мобильді қосымшасын пайдаланған. Қалған өтініштер өзге арналар арқылы берілген. Бұл деректер екі үрдісті қатар көрсетеді. Бір жағынан, банкроттық рәсімі халық үшін қолжетімді бола түсті. Азаматтар құжаттарын онлайн тапсырып, артық қағазбастылықтан құтылды. Екінші жағынан, өтініштердің мұншалықты көп болуы банкроттықтың көптеген адам үшін төтенше шара емес, ұзаққа созылған қарыз жүктемесінен құтылудың амалына айналғанын көрсетеді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтардың банкроттығы туралы заңды іске асыру барысында соттан тыс рәсімнің тиімділігін төмендеткен жүйелі кедергілер анықталғанын мәлімдеді.

«ҚР азаматтарының төлем қабілет-

тілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның іске асырылуына жүргізілген мониторинг барысында агенттік Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп соттан тыс банкроттық тетігінің тиімді қолданылуына кедергі келтіретін жүйелі шектеулерді анықтады. Атап айтқанда, өтініштерді қарау мерзімдерінің ұзақтығы және азаматтардың проблемалық берешекті реттеуге арналған қолжетімді құралдар туралы хабардарлығының төмендігі байқалды. Қабылданған шаралардың бірі – ең күрделі санаттағы қарыз алушылардың, яғни бес жылдан астам уақыт бойы міндеттемелерін орындамаған азаматтардың өтініштерін қарау

ШҚІР

Онлайн ойындар мен әлеуметтік желілерден келетін қауіп әлі де азаймай тұр. Бүгінгі қоғам бала қауіпсіздігін қатаң қадағалағанымен интернет кеңістіктегі қауіптен сақтай алар емес.



Психолог мамандар «ата-ана баланың интернет кеңістігімен байланысын тікелей бақылауы керек. Қатаң тәрбие мен жіті бақылау ғана баланы сыртқы қауіптен сақтайды. Бірақ ата-ананың бұл мәселеде айтар уәжі көп. Баланы мүлдем интернет кеңістігінен тыя алмаймыз, ол өмір қауіпсіздігін бақылау үшін керек, әрі сабағын дамытуына қажет», – дейді.

Жақында ғана бір танысымыз он жастағы баласының bilimlend платформасының алдында қолданыста болған kundelik.kz арқылы жинаған елу мыңға жуық теңгесінен он-оңай айырылып қалғанын айтты. Интернет арқылы байланысқа шыққан ер адам баланы «жігіт болсаң сөзіңде тұр, көне, неше ақшаң бар соны жібер мен саған қазір жаңа ойын жіберем» деп алдаған. «Сен жігітсің бе, көне дәлелде!» деп бірнеше рет баланы қайрап отырып, ақшаны түсініксіз номерге аударып алған. Бірнеше күн өткеннен кейін баласының ақшасы жоқ болып кеткенін көргенде барып, ата-ана баласын әлдеқайда алдағанын түсінген. Жергілікті полицияға шағымданып арыз жазғанымен, алаяқты табу мүмкін болмаған.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желіде қызына ересек азаматтың буллинг

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

жасап, жеке кездесуге шақырғанын, қыздың телефонын көрген соң анасы араласып, полиция шақырғанын жазды. Мұндай мысалдар күнделікті өмірде жүздеп кездеседі. Демек, алаяқтан ешкім сақтандырылмаған. Кез келген бала, жасөспірім оның арбауына түсіп, құрбаны болып шыға келуі әбден мүмкін. Полиция қызметкерлері мұндай келеңсіздіктердің бәрінің әлеуметтік желіде, мессенджерлерде, онлайн ойындарда немесе танымал интернет-платформаларда қарапайым таныстықтан басталатынын, әккі алаяқтар сенімге кіру үшін өзін жасөспірім ретінде таныстыруы мүмкін екенін айтады.

Алаяқ баланың жақын досына тіпті сырлас, мұңдас түсінуге тырысатын замандасына айналуға тырысады, күн сайын хабарласып, ерекше көңіл бөледі, оның жеке өміріне, ішкі уайымдарына қызығушылық танытады. Кейінірек ол жеке сипаттағы сұрақтар қойып, күн тәртібін, тұрғылықты жерін, араласатын ортасын және басқа да мәліметтерді білуге тырысады.

Құзырлы құқықтық органдар балаларды интернет алаяқтықтан сақтаудың әдеттегі дәстүрлі жолдарын ұсынады. Интернетте, әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдармен сөйлеспесу, танымайтын адамның достығын қабылдамау, кездесуге келіспесу, шақырған орнына бармау, жеке дерек, тұрғылықты мекенжайын, өзінің жақындарының мәліметін бейтаныс адамға бермеу қажеттігін қатаң ескертеді. Алайда, балаларға әлеуметтанушылардың жасайтын арнайы эксперименттері бұл ескертулердің өмірлік оқиғаларға келгенде ескерілмейтінін көрсетеді. Онлайн-грумер делінетін алаяқтардың бұл түрі көмелетке толмаған баламен интернет арқылы әдейі бай-

ланыс орнатып, оның сеніміне кіріп, кейіннен зиян келтіруді мақсат етеді.

Әлеуметтанушы Сая Рақымкелді балаға кейде ресми органдардың ескертуі ата-ананың бұйрығындай қабылданатынын айтады. «Жасөспірімдерде ата-анаға деген ішкі қарсылық болатынын ескерсек, ол оған міндетті түрде кереғар әрекет етеді. Яғни, тыйым салынған нәрсені жасайды.

Бұл өмірлік практикада дәлелденіп жүрген мәселе. Сондықтан ата-анаға бұл жерде баламен дос болу ұсынылады. Ең тиімді жол баланың қателігіне жазалау әдісімен емес, ақылдасу, соның деңгейіне түсіп сырласу пайдалы. Қазір көп балаларда жеке кеңістік деген ұғым күшті. Бала ешкімді өзінің шекарасынан өткізе қоймайды. Олармен тіл табысып, дос болудың жалғыз көрсеткіші – оның ішкі мені мен қалауына құрметпен қарау. Сондай қауіпсіз, дос пейілді түсінгенде ғана бала ашылады. Ата-анасына сыр бөліседі». Әлеуметтанушы интернет алаяқтардың балаларға жол тауып достасып кетуінің бірден-бір себебі осы тәсіл дейді.

Құқық қорғау органдары мен ата-аналар тарапынан айтылатын, интернет буллинг пен алаяқтықтан сақтандыратын тәсіл осы десек, мектеп, оқу орындары тарапынан атқарылуы тиіс тағы бір жол – құқықтық сауат.

Мемлекеттік арнайы бағдарламалар аясында бүкіл мектеп жасындағы баланы құқықтық сауаттылыққа ерте бастан даярлаған абзал. Мейлі ол ойын түрінде болсын, я болмаса міндетті оқылуы тиіс пән есебінде болсын жасөспірім ешкімге құрбандық нысаны болмауы тиіс. Және мемлекеттік бағдарламалар тек есептік нақашылыққа ұрынбаса, сауатты, өз құқығын білетін, өзін қорғай алатын жасөспірім өсіп шығатыны анық.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

«Асыл бесік – Ақсуат»

Жақында Ақсуат ауданында өткен «Асыл бесік – Ақсуат» спорт және өнер фестивалі аясында аймақ басшысы Берік Уәли Қытайдың Бейжің, Шанхай, Гуанчжоу, Шэньчжэнь қалаларынан келген ірі кәсіпкерлермен кездесті. Кездесуге Азиядағы жетекші бизнес мектептердің бірі саналатын Цинхуа университеті бизнес мектебінің түлектерінен құралған делегация, сондай-ақ, кәсіпкер Дулат Тастекеев, облыстың тиісті басқарма басшылары қатысты.

Қонақтар өңірдің инвестициялық әлеуетімен танысып, туризм, ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады. Кездесу барысында сөз сөйлеген «BRI Consulting Limited» компаниясының бас директоры Чэнь Хао Абай облысының инвестициялық әлеуеті жоғары екенін атап өтіп, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қызығушылық танытып, мал шаруашылығы өнімдерін халықаралық нарыққа, оның ішінде Қытайға экспорттау бағытында ынтымақтастық орнатуға мүдделі екенін айтты.

Облыс әкімі өңірдің инвестициялық мүмкіндіктеріне тоқталып, шетелдік инвесторлармен бірлесіп жұмыс істеуге, тиімді жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайын екенін, әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Е.КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Оралдықтар баспаналы болды

Орал қаласында 150 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның 104 пәтері «Отбасы банк» арқылы Тұрғын-үй коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында баспанаға мұқтаж ретінде кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағыларға, көпбалалы жанұялар, мемлекеттік қызметшілер, әскерилер және өзге де санаттағы отбасыларға табысталды. Жаңа қоныс иелерін облыс әкімі Нариман Төреғалиев құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен өңірімізде тұрғын үй құрылысы қарқын алды. Соның ішінде «Ақжайық» шағын ауданының әлеуеті зор. Мұнда инженерлік желілерді тартып, жол салдық. Орал қаласының орталығына қатынасты жеңілдету үшін көпір салуды қолға алдық. Келешекте 1500 орындық мектеп, балабақша, аурухана, спорт кешенін саламыз. Бұл – құр уәде емес, жүйелі жоспарға сай атқарылып жатқан нақты істер. Басты мақсат – халықтың өмір сүру сапасын арттыру, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі жаңа қоныс иелерін Мемлекеттік рәміздер күнімен де құттықтап, осындай игілікті шаралар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді арттырып, сапалы білім алып, адал еңбек етуге қанаттандыратынына сенім білдірді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
баспасөз қызметі

ІГІ ШАРА

ҚАРАСАЗДЫҢ «ХАНБАЛЫҒЫ»

Алматы облысы Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында 2021 жылы құрылған «Қарасаз агро» ЖШС-і мал бордақылау және асылдандыру жұмыстарымен қатар балық шаруашылығын да қатар алып келе жатыр. Серіктестіктің атқарушы директоры Нұрболат Сұлтанғазиевтің негізгі мамандығы – журналист.

Алматы қаласындағы бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында ұзақ жыл қызмет жасаған әріптесіміз Нарынқол өз алдына жеке аудан боп құрылған кезде қаладағы жайлы өмірін ең алғашқылардың бірі болып өзгертен еді. Шекаралық ауданның күйі кетіп, жыл өткен сайын тұрғындарының саны азайып бара жатқаны жайлы жазып, халықтың ұсыныс-тілегін билікке жеткізуге тырысып жүрген ол қазір ауылға оралғанына еш өкінбейді. Ауылда малға жақын болып өскен ол әріптесіміздің балық шаруашылығына келу оқиғасы да ерекше.

«2021 жылы «Ана тілі» газетінде «Қақпақ пен Қаракөлдің қасіреті...» деген мақала шыққан еді. Онда жергілікті халық «Ханбалық», ал ихтиолог ғалымдар «форель» деп атайтын балықтың Қақпақ өзенінде қалай пайдаланып болғанын жазғам. Сол кезде ауыл тұрғындарының Қақпақтағы «Ханбалықты» жан-жақтан келіп, заңсыз аулап жатқандардан қалай қорғауға болды деген сауалына «King Fish» балық шаруашылығы компаниясының бас директоры Марлен Тұрсынәліұлының берген жауабы маған да ой салған болатын. Кейін бұл саладағы өз білімімді



жетілдіріп, арнайы курстарға қатыстым. Өзім ғана қатысып қоймай, өзге жерлестерімді де тарттым. Нәтижесі жаман емес. Жыл өткен сайын ауданда балық өсіретін шаруашылықтар саны өсіп келеді», – деген Нұрболат

Абайұлының айтуынша, бұрын ол бұл кәсіпті жаз кезінде ғана жүргізіп келген. Тек биылғы қыста алғаш рет балықтарын қыстаған. Яғни, жылы ұя әкеп қойып, қыста қатқан судың бетіндегі мұзды ойып балықтың қысқа да ойымыз бар. Мұнда әрқайсысының сыйымдылығы мың тоннаны құрайтын төрт бассейн бар. Қазір олардың тек біреуі ғана жұмыс істеп тұр. Егер бәрі сәтті жүзеге асатын болса болашақта Қарасаздың «Ханбалығының» дәмін аудан қонақтары ғана емес, алматылықтар да тататын болады», – дейді серіктестік басшысы Нұрболат Сұлтанғазиев.

Райымбек ауданының 90 жылдығына орай Сарыбастау ауылында «Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының өзегі» деп аталатын форум өткен болатын. Оның аясында ұйымдастырылған Райымбек ауданындағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер көрмесіне «Қарасаз агро» ЖШС-нде өсіріліп, өңделген балық өнімдері де қойылған екен. «Ханбалықтың» дәмін татқандар кәсіпкерге алғысын айтып, мұндай бірегей өнімдерді үлкен нарыққа шығарса деген тілегін білдіріп жатты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «В+ TradePro» ЖШС (БСН 191040027536) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Балқаш қаласы, Желтоқсан көшесі, 14-үй, 39-пәтер. Тел. 8 700 848 80 08.

6. «QR SHYMKENT» ЖШС (БСН 221240005114) (ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тәуке хан даңғылы, 43А ғимарат), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Рамс» бизнес орталығы, Жамбыл көшесі, 106. Тел. 8 701 733 50 37.

7. «Joy Recruitment (Джой Рекрутмент)» ЖШС (БСН 221140032128) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, 090000, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 187-үй, 15-пәтер. Тел. 8 707 131 09 90.

10. «Brilliant Accounting & Training» ЖШС (БСН 230140040029) (ҚР, Алматы қаласы, 050063, Өуезов ауданы, Жетісу-2 ықшамауданы, 69-үй, 13-пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 164/1, 37-пәтер. Тел. 8 707 183 07 05.

11. «Шығыс-несие» Кредиттік серіктестігі» ЖШС (БСН 070340003017) ШҚО, Өскемен қаласы, микроқаржыландыру лицензиясын ерікті түрде тоқтатқаны туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі 16.21.0012.К, 2021 жылғы 5 сәуірде берілген.

14. «КАЗВНЕСШКОНТАКТ ГРУПП» ЖШС (БСН 100740002209) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Айгерім-2 шағынауданы, Акатаев көшесі, 68-үй.

15. «eAstana LLP» ЖШС (БСН 250940004779) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 1Б үй.

16. «Arman Shop LLP» ЖШС (БСН 250940005083) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 1Б үй.

17. «Көк Орда» заң консультанттары палатасы (БСН 190440040505) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/1-үй, 145а пәтер.

18. «BG & C» ЖШС (БСН 050340017717) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Қустанайская көшесі, 75-үй.

19. «АГРО- ЮНИОН» ЖШС (БСН 990640000451) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажы-Мұқан көшесі, 28-үй, 17-көңсе.

20. «KAZAKHSTAN GUOYOU INVESTMENT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақтау қаласындағы филиалы (БСН 250941032086) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай

мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 30 шағынауданы, 183-үй, корпус 1, 59-пәтер.

24. «Вэлкон» ЖШС (БСН 031140003263) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 90/62, 118-пәтер. Тел. 8(727)269 99 44.

25. «Bezlimit group» ЖШС (БСН 230840034268) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Бөйдібек ауданы, Боралдай ауылдық округі, Амансай ауылы, Өтембаев Б. көшесі, 36-үй.

26. «AB Team Consulting (АБ Тим Консалтинг)» ЖШС (БСН 250440022907) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Т. Шевченко көшесі, 4/1, т.е. 17 (507 көңсе), тел. 8 (7172) 98-71-49.

27. «NEXIM International» ЖШС (БСН 981240015486) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төлебаев көшесі, 65-үй, 11-пәтер. Тел. +7 702 959 5235.

31. «Байғабыл» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі (БСН 160440017971) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-арыздары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Байғабыл ауылы, Нұрғожин көшесі, 5-үй, 2-көңсе.

ӘРТҮРЛІ

8. «Ломбард Gold Prime» ЖШС (БСН 251140016588) 2026 жылғы 5 маусымнан бастап заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа заңды мекенжайы: 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 212В үй, 11-көңсе. Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген күннен бастап құжаттарды рәсімдеу кезінде жаңа заңды мекенжайды пайдалануларыңызды сұраймыз. Ұйымның қалған деректемелері өзгеріссіз қалды.

12. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 1 маусымдағы ұйғарымымен «GorSvetGroup» ЖШС-не (БСН 070540009063, мекенжайы: Астана қаласы, Ақжол даңғылы, 113-ғимарат, тел. +77477927434, эл.пошта: info@gorvet.kz) оналту рәсімін қолдану туралы «VIT Build» ЖШС-ның (БСН 921240001128, мекенжайы: Астана қаласы, Шарль де Голль көшесі, 1-үй, 201-көңсе, эл.пошта: info.vitbuild@gmail.com) арзы бойынша №7119-26-00-2/6554 азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардың талап беру мерзімі 2026 жылдың 06.01 - мен 2026 жылдың 07.01 аралығында.

22. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған қайталау конкурсы өткізу туралы хабарландыру

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2026 жылғы 17 шілде күні сағат 11.00-де Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 304-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған қайталау конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан trfd.sko.gov.kz алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 1 шілде сағат 18.00-ге дейін.

5. 2026 жылғы 16 маусым күні сағат 11.00-де № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурсы алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 8(7152) 33-11-17, 33-86-95; электрондық мекенжайы: uptiad@sqa.gov.kz.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-көңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшев көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

МҰРАГЕРЛІК

2. 08.01.2026 ж. қайтыс болған Закиров Зейнулла Пайзуллаұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

3. 26.01.2026 ж. қайтыс болған Әділханов Досбол Әзімханұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 07.12.2025 ж. қайтыс болған Шүкүр Уали Сантайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

9. 12.12.2025 ж. қайтыс болған Піржанова Ұлбосынның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

13. 13.12.2025 ж. қайтыс болған Сұлтан Нүрсейіт Өсетұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 8747260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-көңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz,
Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/
WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Мұхтар ҚОЖАЕВ, Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы:

«ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ»

Бүгінде халқының саны миллионнан асқан Шымкент шаһары бәліміздегі ең қарқынды дамып келе жатқан мегаполистердің қатарында. Урбанизация үдерісі, көлік санының артуы, цифрлық технологиялардың кең таралуы жаңа қауіп-қатерлер мен жаңа міндеттерді де алға шығарып отыр. Осындай жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті сақтап қана қоймай, құқықтық сананы қалыптастыру бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Осы және өзге де өзекті мәселелер төңірегінде Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы Мұхтар ҚОЖАЕВпен әңгімелескен едік.

– Мұхтар Жұмабайұлы, сіздіңше полиция қызметкерінің басты құндылығы қандай болуы тиіс?

– Ең басты құндылық – адалдық, әділдік және халыққа қызмет етуге деген шынайы ниет болуы тиіс деп есептеймін. Полиция қызметкері күн сайын адамдардың тағдырымен бетпе-бет келеді. Біреудің құқығын қорғайды, біреуге көмек көрсетеді, маңызды шешімдер қабылдайды. Сондықтан кәсіби даярлықпен қатар, жоғары адами қасиеттер де ауадай қажет. Егер полиция қызметкері халықтың сенімін ақтай алмаса, оның погон тағып жүруінің еш мәні жоқ.

– Шымкентте халықпен қатар көлік саны да жыл сайын артып келеді. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Қаладағы көлік саны соңғы бес жылда айтарлықтай өсті. Егер 2021 жылы Шымкентте 303 мың 180 көлік тіркелсе, бүгінде бұл көрсеткіш 547 мың 425-ке жетті.

Осыған байланысты жол қозғалысын бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары қатты күшейтілді. Жалпы жыл басынан бері жол қозғалысы ережелерін бұзудың 518 мың 400 фактісі анықталып отыр. Мәселен, «Қорғау – қауіпті жүргізуші» бағдарламасы арқылы 42 мың 288 көлік тексеріліп, 3 мың 268 әкімшілік хаттама толтырылды. «ТОР» платформасының көмегімен іздеудегі 23 автокөлік анықталды. Сондай-ақ, «Кибер-Шериф» және «Екін Patrol» мобильді кешендері арқылы 63 мың 767 құқық бұзушылық тіркелсе, дрондардың көмегімен тағы 502 құқық бұзушылық анықталды.

Қоғамдық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін өрескел құқық бұзушылықтарға да ерекше назар аударылып отыр. Биыл 342 жүргізушінің мас күйінде көлік басқарғаны анықталды. Қарсы бағытта шығудың 701 фактісі тіркелді. Көлік терезелерін заңсыз күңгірттеудің 17 мың 479 дерегі анықтал-

ды. Көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдаланудың 15 мың 192 фактісі және жалған мемлекеттік нөмір пайдаланудың 42 жағдайы тіркелді. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер тарапынан жол қозғалысы қағидаларын бұзудың 22 мың 540 дерегі анықталды. Бұл көрсеткіштердің бәрі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың, заң талаптарына құрметпен қараудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

– Бейнебақылау камералары өзін ақтап жатыр ма?

– Әрине. Бүгінде Шымкент қала-

Сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті атқарылған жұмыстың нәтижесінде пайда болады. Соңғы жылдары тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізуге, әлеуметтік желілер арқылы кері байланыс орнатуға, азаматтарды жеке қабылдауға ерекше мән беріп келеміз. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, еліміз бойынша полицияға сенетін азаматтардың үлесі 65,3 пайызды құрайды.

сында 201 мың 439 бейнекамера орнатылған. Оның 46 мың 377-сі полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған. Сонымен қатар қазіргі таңда 11 дрон пайдаланылуда, қосымша тағы 10 дрон сатып алу жоспарланып отыр.

Заманауи цифрлық технологиялар құқық бұзушылықтарды жедел анықтауға, қылмыстарды ашуға және алдын алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл – «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» бастамаларының нақты нәтижесі.

– Қазіргі кезде интернет-алаяқтық өзекті мәселеге айналды. Бұл бағыттағы ахуал қандай?

– Өкінішке қарай, интернет-алаяқтық бүгінде әлемдік деңгейдегі күрделі проблемаға айналды. Қазіргі алаяқтар азаматтардың үйлеріне барып әуре болмайды. Олар телефон шалады, әлеуметтік желілерді пайдаланады, өзін банк қызметкері немесе құқық қорғау органының өкілі ретінде таныстырады.

Көп жағдайда адамдар эмоцияға беріліп, жеке деректерін немесе



Сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті атқарылған жұмыстың нәтижесінде пайда болады. Соңғы жылдары тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізуге, әлеуметтік желілер арқылы кері байланыс орнатуға, азаматтарды жеке қабылдауға ерекше мән беріп келеміз. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, еліміз бойынша полицияға сенетін азаматтардың үлесі 65,3 пайызды құрайды.

SMS-кодтарын айтып қояды. Тек жыл басынан бері ғана интернет-алаяқтықтың 307 дерегі тіркелді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде азаматтарға келтірілген 50 миллион теңге шығын қайтарылды. Бес қылмыстық топтың қызметі тоқтатылды. Алаяқтарды SIM-карталармен қамтамасыз еткен бес адам ұсталып, үш мыңнан астам SIM-карта тәркіленді. Сонымен қатар банк карталары арқылы заңсыз әрекет жасаған ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталды. «Антифрод» жүйесінің көмегімен 15,5 миллион теңге бұғатталды. 11 дроппер мен екі хакер ұсталды. Сонымен бірге құқықтық түсіндіру жұмыстары да белсенді түрде жүргізіліп келеді. Биыл 95 мыңнан астам тұрғынмен 355 профилактикалық кездесу өткізілді. 77 мыңнан астам жадынама таратылып, оқу орындарында дәрістер ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстардың барлығы азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және құқық бұзушылыққа қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған.

– Синтетикалық есірткілердің таралуы қоғамды алаңдатып отыр. оған қарсы күрестегі нәтиже қандай?

– Есірткі қылмысына қарсы күрес біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі. Биылғы бес айдың қорытындысы бойынша есірткінің заңсыз айналымына қатысты 199 құқық бұзушылық анықталды. Заңсыз айналымнан 46 келіден астам есірткі тәркіленді. Бір есірткі зертханасының қызметі тоқтатылып, бір тонна прекурсор тәркіленді. Сонымен қатар шамамен 25 мың дозаға тең үш келіден астам мефедрон айналымнан алынды. Интернет арқылы жүргізілетін есірткі саудасына қарсы күресте жалғасуда. Нәтижесінде 735 заңсыз интернет-ресурс бұғатталып, есірткі жарнамалаған 505 граффити-жазба жойылды. Осы қылмысқа қатысы бар үш адам ұсталды. Тек жыл басынан бері ғана 700-ден астам профилактикалық іс-шара өткізіліп, 94 мыңнан астам азамат қамтылды. Бұл бағыттағы жұмыс тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін атап өткізіледі.

– Полиция қызметіне сенімді қалай қалыптастырамыз?

– Бүгінде полицияның негізгі міндеті – азаматтарға қызмет көрсету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті атқарылған жұмыстың нәтижесінде пайда болады. Соңғы жылдары тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізуге, әлеуметтік желілер арқылы кері байланыс орнатуға, азаматтарды жеке қабылдауға ерекше мән беріп келеміз. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, еліміз бойынша полицияға сенетін азаматтардың үлесі 65,3 пайызды құрайды.

– Әлеуметтік желілердегі азаматтық белсенділік полиция жұмысына көмектесе ме?

– Көп жағдайда көмектеседі. Кейбір құқық бұзушылықтар дәл әлеуметтік желілерде жарияланған бейнежазбалардың арқасында анықталады. Биылғы жылдың тек бес айы ішінде интернет кеңістігінде жарияланған 17 сыни материал тіркелді. Тексеру нәтижесінде олардың тоғызы расталып, тиісті шаралар қабылданды. Қазіргі әлеуметтік желілер – қоғамдық бақылаудың маңызды құралы. Дегенмен кез келген ақпарат заң аясында мұқият тексеріледі.

– Тұрғындар сіздің қабылдауыңызға қалай жазыла алады?

– Азаматтарды әр аптаның сәрсенбі күні тұрақты түрде қабылдаймын. Қабылдауға жазылу үшін департаменттің 96-66-39 және 96-65-96 байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады. Тұрғындар көбіне бейнебақылау камераларын орнату, учаскелік инспекторлардың санын көбейту, қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық көмек және кадр мәселелері бойынша жүгінеді. Бұл кездесулер халық пен полиция арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға мүмкіндік береді деген сенімдемін.

– Полиция қатарын жемқорлықтан тазарту бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес алдымен жүйенің өз ішінен басталуы керек. Осы бағытта қызметтік тәртіпті сақтау, профилактикалық жұмыстар жүргізу және ішкі бақылауды күшейту шаралары тұрақты түрде атқарылып келеді.

Заң алдында ешкімнің артықшылығы жоқ. Қызметкер де, басшы да заң талаптарына бірдей бағынады. Өкінішке қарай, биыл полиция қызметкерлеріне қатысты алты қылмыстық іс қозғалды. Барлығы бойынша заң аясында тиісті тергеу амалдары жүргізілуде. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі ашықтық пен әділеттіліктің көрінісі.

Қоғамдағы қауіпсіздік деңгейі тек полиция жұмысына ғана байланысты емес. Ол әр азаматтың құқықтық мәдениетіне, заңға деген құрметіне және азаматтық жауапкершілігіне де тікелей байланысты. Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан профилактикалық жұмыстар, интернет-алаяқтық пен есірткі қылмысына қарсы күрес, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары, халықпен ашық диалог орнату тәжірибесі – мұның барлығы құқықтық сананы қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты көрінісі. Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидаты, құқық бұзушылыққа қарсы «нөлдік төзімділік» саясаты, «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» бастамалары азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар қоғамда заңға құрмет пен әділеттілік құндылықтарын нығайтуға қызмет етеді. Өйткені заң үстемдік құрған жерде ғана әділет болады. Ал әділет бар жерде халықтың мемлекетке, құқық қорғау органдарына деген сенімі артады. Бұл – өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші.

рлар қабылданды. Қазіргі әлеуметтік желілер – қоғамдық бақылаудың маңызды құралы. Дегенмен кез келген ақпарат заң аясында мұқият тексеріледі.

– Тұрғындар сіздің қабылдауыңызға қалай жазыла алады?

– Азаматтарды әр аптаның сәрсенбі күні тұрақты түрде қабылдаймын. Қабылдауға жазылу үшін департаменттің 96-66-39 және 96-65-96 байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады. Тұрғындар көбіне бейнебақылау камераларын орнату, учаскелік инспекторлардың санын көбейту, қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық көмек және кадр мәселелері бойынша жүгінеді. Бұл кездесулер халық пен полиция арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға мүмкіндік береді деген сенімдемін.

– Полиция қатарын жемқорлықтан тазарту бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес алдымен жүйенің өз ішінен басталуы керек. Осы бағытта қызметтік тәртіпті сақтау, профилактикалық жұмыстар жүргізу және ішкі бақылауды күшейту шаралары тұрақты түрде атқарылып келеді.

Заң алдында ешкімнің артықшылығы жоқ. Қызметкер де, басшы да заң талаптарына бірдей бағынады. Өкінішке қарай, биыл полиция қызметкерлеріне қатысты алты қылмыстық іс қозғалды. Барлығы бойынша заң аясында тиісті тергеу амалдары жүргізілуде. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі ашықтық пен әділеттіліктің көрінісі.

Қоғамдағы қауіпсіздік деңгейі тек полиция жұмысына ғана байланысты емес. Ол әр азаматтың құқықтық мәдениетіне, заңға деген құрметіне және азаматтық жауапкершілігіне де тікелей байланысты. Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан профилактикалық жұмыстар, интернет-алаяқтық пен есірткі қылмысына қарсы күрес, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары, халықпен ашық диалог орнату тәжірибесі – мұның барлығы құқықтық сананы қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты көрінісі. Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидаты, құқық бұзушылыққа қарсы «нөлдік төзімділік» саясаты, «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» бастамалары азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар қоғамда заңға құрмет пен әділеттілік құндылықтарын нығайтуға қызмет етеді. Өйткені заң үстемдік құрған жерде ғана әділет болады. Ал әділет бар жерде халықтың мемлекетке, құқық қорғау органдарына деген сенімі артады. Бұл – өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші.

Әңгімеңізге рақмет. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Сұхбаттасқан
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖИЫН

Алматы қаласы Полиция департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастамасымен Қазақстан Республикасы ІІМ Мақсан Есболатов атындағы Алматы академиясында «Патриотизм, тәртіп және ар-намыс – полиция қызметкерлерінің жаңа буынының негізі» тақырыбында тағылымды кездесу өтті.

Кездесу барысында жас буын полицейлерді тәрбиелеудің өзекті мәселелері, қызметтік тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, офицерлік ар-намыс пен кәсіби этика қағидаларын нығайту мәселелері кеңінен талқыланды.

Шарада Алматы қаласы Полиция департаменті Өзіндік қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары полиция подполковнигі Әділет Кабдрахманов, сондай-ақ Өзіндік қауіпсіздік басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Руслан Өтегенов сөз сөйлеп, курсанттармен өзінің қызметтік тәжірибесімен бөлісті. Ол құқық қорғау органдарындағы қызмет үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өтіп, офицерлік ар-намысты сақтау, азаматтардың сенімін

ЕҢ БАСТЫ КАПИТАЛ – ЕЛ СЕНІМІ



ақтау және әрбір қызметтік шешімнің артында адам тағдыры тұрғанын ұмытпау қажеттігіне тоқталды.

– Полиция қызметкерінің басты капиталы – халықтың сенімі. Бұл сенім бір күнде қалыптаспайды, ол күнделікті адал еңбекпен, кәсіби әрекетпен және

заңға деген құрметпен орнығады, – деді Әділет Кабдрахманов.

Қазіргі таңда құқық қорғау органдары цифрлық технологиялардың дамуы, ақпараттық кеңістіктің өзгеруі және қоғамдық сұраныстың артуы сияқты

жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Мұндай жағдайда полиция қызметкері құқықтық сауатты ғана емес, жан-жақты ойлай алатын, сындарлы шешім қабылдайтын, қоғаммен тиімді қарым-қатынас орната білетін тұлға болуы қажет.

Мемлекет басшысы да өз жолдауларында құқық қорғау жүйесін жаңғырту, «Заң және тәртіп» қағидатын қоғамның басты құндылығына айналдыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жас буын полиция қызметкерлерінің рөлі айрықша.

Алматы академиясында курсанттарды тәрбиелеу жұмыстары тек аудиторлық сабақтармен шектелмейді. Болашақ офицерлер қоғамдық, мәдени және патриоттық іс-шараларға белсенді қатысып, еріктілік жобаларға атсалысады, тарихи-танымдық кездесулер мен тәрбиелік мәні зор шараларға тұрақты түрде жұмылдырылады. Мұның барлығы олардың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, елге қызмет ету жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Іс-шара ашық диалог форматында өтті. Курсанттар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, қызметтік тәртіп, кәсіби этика, мансап жолындағы қиындықтар мен оларды еңсеру тәжірибесі жөнінде пікір алмасты. Мұндай кездесулер жас қызметкерлердің құқық қорғау саласына деген қызығарсыз қалыптастырып қана қоймай, олардың таңдаған мамандығына деген жауапкершілігін де күшейтеді.

Г.МАҒЗУМОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.

Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.

Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.

Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.

Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.

Шадиар Мекенбайұлы
8775335665

Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сәйсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 85 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г кәулікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31